



БАЛАҒА «ТӘЙТ» ДЕМЕУ ДҮРЫС ПА?

7-БЕТ | ҚОҒАМ



КӨШПЕНДІЛЕР ТАМЫРЫ ТЕРЕҢДЕ

8-БЕТ | СҰХБАТ



СӘКЕН МҮРАСЫН САҚТАҒАН

10-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Адал азамат дегеніміз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам. Яғни адалдық пен әділдікті бәрінен биік қояды. Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы керек. Әрбір адам «адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды.

№59
(4647)
Сенбі
18 мамыр
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЕЛОРДАНЫҢ ЕСІЛ АУДАНЫ

Астана қаласының Есіл ауданында тұрғындар саны тез өсіп отыр. Соңғы мәлімет бойынша құрылғанына биыл 15 жыл болған ауданда бүгінгі таңда 240315 адам тұрады. Есіл өзенінің сол жағалауында, жаңа қала аумағында орналасқан ауданда тұрғындардың қолайлы өмір сүруіне жан-жақты жағдай жасалуда.

6-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА

ДЕМАЛЫСТА КІТАП ОҚИМЫЗ

Бас қала мектептерінде «Демалыста кітап оқимыз» челленджі басталды.

Оқу-ағарту министрлігі ұйымдастырған «Мамыр – ынтымақ айы» айлығы аясында 1-11-сынып оқушылары кітап оқып, оқыған шығармаларын басқалармен бөліседі. Буккроссингтің мақсаты – барлық мектеп оқушыларын кітап оқуға қызықтыру, кітап ұсынымдарымен бөлісу және жаңа әдебиеттерді ашу. Балалар «Оқыған кітабымды басқаға сыйлаймын» қағидасы бойынша өзінің досына кітап сыйлайды. Буккроссинг аясында «Досыңа кітап сыйла» акциясының кез келген қатысушысы оқыған кітабын әкеліп, басқа қатысушыға бере алады немесе басқа кітапқа ауыстыруына болады. Сондай-ақ акцияда оқушылар «Неліктен сіз достарыңызға осы кітапты оқуға кеңес бересіз?» деген сұраққа жауап береді.



5

294 ОҚУШЫ «АЛТЫН БЕЛГІГЕ» ҮМІТКЕР

Елордада биыл 11-сыныпты 11230 оқушы, ал 19952 оқушы 9-сыныпты аяқтайды. «Алтын белгіге» 294 түлек үміткер болып отыр. Жазғы лагерлерде 206468 оқушы демалатыны жоспарланған. Сондай-ақ 200519 оқушы жұмыспен қамтылады. Халықтың әлеуметтік осал тобы санатына жататын астаналық 150 түлекке жоғары оқу орнында тегін оқу үшін жергілікті бюджеттен грант бөлінді.



ЖҮГІРУ САЙЫСЫ ЗАБЕГ
ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР НАЦИОНАЛЬНЫЕ ИГРЫ
АНИМАТОРЛАР АНИМАТОРЫ
ЖӘРМЕНКЕ ЯРМАРКА
КОНЦЕРТ

ДУБІРЛІ ДОДАЛАРҒА АРНАЛДЫ

Биылғы басты оқиға – Парижде өтетін жазғы Олимпиада ойындарының басталуына 70 күн, Паралимпиада ойындарының басталуына 102 күн, сондай-ақ Астанада өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойынының басталуына 111 күн қалды.

4

ДӘСТҮРЛІ ЖАРЫС ӨТЕДІ

Астанада 26 мамыр күні Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс батырларын еске алуға арналған Abiroi run-2024 дәстүрлі жарысы өтеді.

Биылғы жарыс Кеңес Одағының Батыры, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетовтің және Рейхстагта Жеңіс туын көтерген алғашқы кеңес жауынгерлерінің бірі, Халық Қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына арналады. Жарыс 5 және 10 шақырым қашықтық бойынша сағат 7:30-да елордалық Триатлон саябағында басталады. Қатысқысы келетіндер сілтеме бойынша тіркеуден өтуі керек: globalsport.kz/abiroirun



Төлен ТІЛЕУБАЙ

КҮШ БІРІКІРЕТІН
АЛАҢ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев делегация басшыларына ілтипат білдіре отырып, Орталық Азия елдері қауіпсіздік кеңестері хатшыларының алғашқы кездесуі сыртқы және ішкі сын-қатерлер мен қауіптің алдын алу үшін күш-жігер біріктіретін, сондай-ақ оған қарсы тұруға қажетті шараларды әзірлейтін тиімді алаңға айналуы керек екенін атап өтті.

«Аймақтық ынтымақтастық барлық бағыт бойынша қарқынды дамуда. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – өте маңызды әрі он үрдіс. Мемлекетаралық саяси диалог та мүлде жаңа деңгейге көтеріліп келеді. Өңір елдері арасындағы өзара сауда-экономикалық ықпалдастық белсенді түрде кеңеюде. Соңғы бес жылда өңіршілік сауда-саттық көрсеткіші 80 пайыздан астам артып, 10 миллиард доллардан асқан. Бұл ретте елдер арасындағы экспорттық-импорттық операцияларды жоспарлы түрде ұлғайту, тауарлардың номенклатурасын көбейту мәселелері шешіліп жатыр. Бизнес арасындағы байланыс күшейіп, бірлескен кәсіпорындардың саны арта түсті. Аймақтық ірі жобалар бәрімізге айтарлықтай пайда әкеліп қана қоймай, Орталық Азия экономикасының бүкіл құрылымын да өзгертеді. Көлік-логистика әлеуетінің еселенуі өңірдің қарқынды дамуы үшін берік негіз болады. Сондай-ақ мәдени-гуманитарлық байланыстар жанданып, Орталық Азия мемлекеттері арасындағы қатынастардың одан әрі нығая түсуіне ықпал етеді» деді Мемлекет басшысы.

ДИАЛОГПЕН
ДӘЙЕКТЕЛЕТІН ПРОЦЕСС

Президенттің пікірінше, бұл процестер өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету саласындағы нәтижелі диалогпен дәйектелуге тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаев заманауи сын-қатерлердің көбі трансшекаралық сипатқа ие екенін айтты. Сондықтан оларға қарсы тұру үшін күш-жігер біріктіру қажет.

«Бұл жерде, ең әуелі, халықаралық экстремизм мен терроризмге, есірткі тасымалына, қару-жарақ саудасына қарсы күрес туралы сөз болып отыр.

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҚАУІПСІЗДІК ТҰҒЫРЫ

Биыл 9 тамызда Астанада Орталық Азия мемлекеттері басшыларының алтыншы консультативтік кездесуі өтеді. Қазақстан аталған ұйымның төрағасы ретінде дайындық жұмыстарын бастады. Үлкен саммитке дайындықтың алдында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия елдері қауіпсіздік кеңестерінің хатшыларын қабылдады.

Осы орайда Ауғанстанға баса мән беруіміз керек. Бұл елде күрделі әрі түрлі бағыттағы процестер жүріп жатыр. Онда белгілі бір деңгейде тұрақтану, экономикалық жағдайдың жандануы белгілері бар екенін мойындау қажет. Екінші жағынан, халықаралық террористік ұйымдардың белсенділігіне байланысты қауіп-қатердің жоғары деңгейі сақталып отыр. Бұған Мәскеу облысында жұртты қанға бөктірген лаңкестік әрекет дәлел бола алады. Біздің ойымызша, Ауғанстанды өңірлік байланыстарға белсенді тарту – дәл қазіргі кездегі стратегиялық міндеттердің бірі. Мұнда көп нәрсе біздің елдеріміздің үйлесімді ұстанымына байланысты. Қазақстанда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін БҰҰ-ның Орнықты даму жөніндегі аймақтық орталығын ашу өзекті мәселе деп санаймыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ТАРИХИ ШАРТҚА
ҚОЛ ҚОЙЫЛАДЫ

Мемлекет басшысының айтуынша, бұл басқосу Орталық Азия мемлекеттері басшыларының алтыншы консультативтік кездесуіне дайындықтың маңызды кезеңі саналады. Аталған жиын 9 тамызда Астанада өтеді. Сондай-ақ Қазақстан ұйымның биылғы төрағасы ретінде алдағы саммиттің әлеуетін нығайту үшін белсенді жұмыс жүргізіп жатыр.

«Біз Аймақтық кооперацияны дамыту жөніндегі «Орталық Азия-2040» стратегиясын әзірледік. Өңірлік тығыз қарым-қатынастың басымдықтары, ең алдымен, бесжақты ықпалдастықты кеңейту және Орталық Азияның халықаралық субъектілігін нығайтуға бағытталған. Бұл құжатты Астанадағы саммит барысында қабылдаудың өңір үшін концептуалды мәні зор болатынына сенімдімін. Елдеріміз арасындағы қатынастардың ерекше сипаты Орталық Азияны XXI ғасырда дамытуды көздейтін достық, тату көршілік

және ынтымақтастық туралы шартта бекітілген. Бұл құжат стратегиялық серіктестікті жаңа деңгейге көтереді. Осы тарихи шартқа қол қою рәсімінің экономикалық және оның күшіне енуі Астанадағы саммиттің басты нәтижесінің бірі болар еді деп санаймын. Біздің бесжақты форматтың институционалдық тұрғыда одан әрі жетілдіру өзекті болып қала береді» деді Қазақстан Президенті.

ӨНІРШІЛІК
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚПЕН
ШЕКТЕЛМЕЙМІЗ

Қасым-Жомарт Тоқаев достық, тату көршілік және одақтастық рухындағы өңірлік ықпалдастықтың деңгейі жоғары екенін атап өтті. Оның айтуынша, ынтымақтастық тек өңір ішінде ғана шектеліп қалмайды.

«Шетелдік серіктестермен жан-жақты байланыстар жоспарлы түрде нығайып келеді. Өздеріңізге мәлім, әлемдік ойыншылар «Орталық Азия +» форматындағы белсенді ықпалдастыққа зор қызығушылық білдіріп отыр. Былтыр өткізілген кездесулердің (Орталық Азия – Еуропа Одағы, Орталық Азия – ҚХР, Орталық Азия – АҚШ, Орталық Азия – Шығанақтағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі, Орталық Азия – Германия) қорытындылары – соның айқын дәлелі» деді Мемлекет басшысы.

БӨГДЕ КҮШТЕРГЕ
БІРЛІКПЕН ҚАРСЫ
ТҰРАМЫЗ

Қазақстан Президенті жиынға қатысушыларды аймақтағы елдерді бір-біріне қарсы қоюға және оларды араздастыруға тырысушы бөгде күштерге бірлесіп қарсы тұруға шақырды.

«Біз мұндай тәсілдер мен әрекеттерге ашық қарсымыз. Бұған күмән болмасын. Жалпы, біздің елдеріміз арасында өзара оңтайлы шешім таба алмайтын мәселе жоқ және болмауға тиіс.

Тек ортақ іс-қимыл синергиясы мен өзара қолдау бауырлас халықтарымыздың өркендеуіне жол ашатынына сенімдімін. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Қазақстандағы су тасқыны кезінде бауырлас халықтардың тілеуестік танытып, көрсеткен көмегі үшін сіздердің елдеріңізге шын жүректен ризашылығымды білдіргім келеді. Біз мұны жоғары бағалаймыз және оны шынайы достықтың, тату көршіліктің және өзара қарастырамыз» деді Мемлекет басшысы.

АХУАЛ ОРНЫҚТЫ
ДАМУ БАҒЫТЫНА ТҮСТІ

Қасым-Жомарт Тоқаев кездесудің қорытындысы Орталық Азия елдерінің қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығын нығайтуға ықпал ететініне сенім білдірді.

«Біз ахуалдың ынтымақтастықты дамыту және өзара сенім бағытына қарай түбегейлі өзгергенін ерекше атап өтеміз. Осыдан 10 жыл бұрын Орталық Азия өңірінде мұндай жағдай болған жоқ деп нық сеніммен айта аламын. Экономикалық ведомстволарды басқаратын тұлғалардан бөлек, қазір мемлекеттер басшылары, үкіметтер мен күштік құрылымдардың жетекшілері, қауіпсіздік кеңестерінің хатшылары бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасайды. Бұл Орталық Азия аймағындағы жағдайдың орнықты даму бағытына түскенін көрсетеді» деді Қазақстан Президенті.

Жиынға Қазақстан Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Физат Нұрдәулетов, Қырғызстан Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Марат Иманкулов, Тәжікстан Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Насрулло Махмудова, Өзбекстан Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Виктор Махмудов және Түрікменстанның Қазақстандағы елшілігінің әскери аттасөсі Аннамырат Ягмыров қатысты.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕН ЫҚПАЛДАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Малайзия Премьер-министрі Ануар Ибрагиммен кездесті. «Ақорда» резиденциясында Премьер-министр Ануар Ибрагим бастаған Малайзия Үкіметінің делегациясын салтанатты түрде қарсы алу рәсімі өтті.

Қазақстан Президенті ұзақ жылғы достық пен өзара ынтымақтастық арқауы байланыстырады. Бізде бұл бағытта жақсы дәстүр қалыптасқан. Сондықтан Сіздің сапарыңыз екі ел арасындағы байланыстарды одан әрі дамытуға тың серпін береді деп сенемін. Біз көптеген маңызды салаларда өзара ықпалдастығымыз бен ынтымақтастығымызды одан әрі нығайту үшін қосымша күш жұмсауға дайынбыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, дипломатиялық қатынастар орнаған отыз жыл ішінде екі ел арасында өзара тиімді ынтымақтастықтың берік негізі қалыптасты. Қазіргі геосаяси және экономикалық ахуалға байланысты мемлекеттердің қарым-қатынасын одан әрі

тығыз әрі нәтижелі ықпалдастық жасауға дайын екенімізді жеткізгім келеді. Жаңа ғана біз көптеген мәселе бойынша ашық әрі достық рәуіште пікір алмастық. Ынтымақтастығымыздың келешегі зор екеніне сенімдімін. Сіздің бизнес-форумға қатысу ниетіңізді құптауым. Искерлік топтар арасындағы байланыстар – өзара қарым-қатынасты дамытудың маңызды факторы. Біз малайзиялық компаниялардың қатысы бар жаңа табысты жобалардың жүзеге асырылуын қолдаймыз. Бұл ретте Қазақстан Үкіметі қажетті көмек көрсетуге дайын. Бұдан бөлек, екі елдің азаматтары мен бизнесмендері 30 күндік визасыз режимнің және қолайлы тікелей әуе қатынасының игілігін көріп отыр. Сонымен қатар 500-ден аса қазақстандық студент Малайзия университеттерінде білім алады. Олар екі ел арасындағы «алтын көпір» қызметін атқаратыны сөзсіз» деді Президент.

Өз кезегінде Ануар Ибра-



нығайтудың маңызы арта түсті.

Өз кезегінде Ануар Ибрагим құрмет көрсеткені үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, бұл сапарға зор мән беріп отырғанын атап өтті. Астанаға өзімен бірге үлкен құрамда келген Малайзия делегациясы соның айқын дәлелі болады. Әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ануар Ибрагим саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық салалардағы ықпалдастықты кеңейту жолдарын қарастырды. Сондай-ақ тараптар өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты. Бұдан кейін келіссөздер кеңейтілген құрамда жалғасты.

Малайзия делегациясымен кеңейтілген құрамда өткен келіссөз барысында өзара тиімді байланыстарды одан әрі нығайтуға баса мән беріліп, екіжақты күн тәртібіндегі бірқатар өзекті мәселе қарастырылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев меймандарға ілтипат білдіре отырып, Премьер-министр Ануар Ибрагимнің ресми сапарының шын мәнінде тарихи мәні бар екенін, өйткені бұл екі ел арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне жол ашатынын атап өтті.

«Өз тарапымыздан Оңтүстік-Шығыс Азия өңірінде аса маңызды рөл атқаратын Малайзиямен анағұрлым

Малайзияның Қазақстанмен арадағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға айрықша мән беретінін айтты.

«Біз дамып келе жатқан экономикалық қатынастардан барынша пайда таба аламыз. Нақты ұсыныстарымыз бар. Министрлеріңізбен импорт және экспорт мәселелері жөнінде екіжақты кездесу өткізуді жоспарлап отырмыз. Малайзияның тауарлар нарығы орасан зор. Қазіргі кезде біздің еліміз компьютер чиптерін өндіретін өңірлік хабқа айналды. Оған АҚШ, Еуропа елдері, оның ішінде Германия, сондай-ақ Қытай ауқымды инвестиция құйып отыр. Біз өз тәжірибемізбен бөлісіп, Сіздің елде табысты жүзеге асырылған өзгерістерден үлгі алғымыз келеді. Әлбетте, халал-индустрия секілді салалар да назардан тыс қалмауы керек. Сонымен қатар біз ислам-банкингінің перспективасын қарастырамыз» деді Малайзия Премьер-министрі.

Кездесу барысында көлік-транзит, энергетика, қаржы және мәдени-гуманитарлық салалардағы жан-жақты серіктестіктің мүмкіндіктері талқыланды. Сонымен қатар тараптар БҰҰ, ИЫҰ және АӨСШК секілді халықаралық құрылымдар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға мүдделі екенін білдірді.



ПРЕЗИДЕНТ ЛЮ ГОЧЖУНДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік кеңесі Премьерінің орынбасары Лю Гочжунды қабылдады.

Әңгімелесу барысында қазақ-қытай стратегиялық серіктестігінің қазіргі жай-күйі мен даму перспективалары, сондай-ақ бұған дейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин қол жеткізген уағдаластықтарды екі ел үкіметтерінің іске асыру барысы талқыланды.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан Қытайдың сенімді серіктесі және солай болып қала береді. Сонымен қатар ҚХР-мен екіжақты қарым-қатынасты мүлде жаңа деңгейге көтеру еліміз үшін маңызды басымдық саналады.

«Қазақстан мен Қытайдың жан-жақты стратегиялық серіктестігі мен мәңгілік достығы ұдайы дамып келеді. Біз бо-

лашаққа сеніммен қараймыз. Мұны ерекше атап өту керек. Екіжақты сауда-саттықтың көлемі бойынша көш бастап тұрған Қытай – Қазақстанның жетекші сауда-экономикалық серіктесі. Өткен жылдың қорытындысы бойынша екі ел арасындағы тауар айналымы 40 миллиард долларға жетті. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Біз мұны 100 миллиард долларға дейін жеткізуді көздеп отырмыз. Бұл мақсатқа қол жеткізуге болады» деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Лю Гочжун Қытай мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

«Қытай халқының сыралғы әрі ізгі ниетті досы ретінде

Сіз осы жылдар ішінде Қытай мен Қазақстан қатынастарының дамуына сүбелі үлес қостыңыз. Мұны қытай тарапы жоғары бағалайды. Сіздің басшылығыңызбен еліңіз қуатты, гүлденген Жаңа Қазақстанды құру жолында ілгерілей беретініне сенімдімін. Қытай мен Қазақстан – тату көршілер, сенімді серіктестер әрі бір-бірін толықтыратын достас елдер» деді Лю Гочжун.

Кездесу барысында сауда, инвестиция, ауыл шаруашылығы, көлік-логистика, энергетика және туризм салаларындағы ықпалдастықты нығайту перспективалары қарастырылды. Сондай-ақ мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамыту мәселелері талқыланды.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕ НЕ ҚАРАЛДЫ?

Қалалық мәслихаттың мәжіліс залында Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің отырысы өтті. Онда үш мәселе қаралды.

**Райхан
РАХМЕТОВА**

Бірінші, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2024-2028 оқу жылдары арналған мемлекеттік білім тапсырысын бекіту туралы сөз болды.

Екінші, «Білім беру ұйымдары ішкі тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі №107-596 қаулысының күші жойылды деп тану туралы қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазиев баяндады.

Үшінші, Астанада жаңа аудан құру, аудандардың шекарасын белгілеу және өзгерту туралы қалалық Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Алтынбек Ахметов сөз сөйледі.

Жиында күн тәртібіне қарай Астана қаласы бойынша әлеуметтік саясат мәселелерін іске асыру саласында азаматтық қоғамның мүддесін білдіру жөніндегі комиссияның Астана қаласының Білім басқармасынан Қоғамдық кеңеске ұсынған ақпаратты мұқият зерделеп шығарған қорытындысы айтылды.

– Қазіргі таңда қалада педагогика және медицина кадрлары тапшы, 2028 жылға қарай университет түлектерінің жас

мамандары есебінен педагогика және медицина кадрларының тапшылығы айтарлықтай қысқарады деп күтілуде. 2024-2028 оқу жылға күндізгі оқу нысаны бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі – 1087 грант. Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі бойынша – 250 грант, арнайы педагогика: дефектолог, логопед, олигофренопедагог, тифлопедагог, сурдопедагог мамандарына – 110 грант, ересектерге және балаларға арналған жедел жәрдем бойынша 50 грант бөлінеді, – деді Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің комиссия төрайымы Рамзия Өмірбаева.

Білім басқармасы басшысының айтуынша, кадр тапшылығын жою үшін қала әкімдігі жыл сайын (2018 жылдан бастап) педагогика, медицина мамандықтары бойынша, сондай-ақ гуманитарлық бағыт бойынша (исламтану, дінтану, теология) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөледі. Білім басқармасынан педагогика мамандықтарының қажеттілігі бойынша 950 орынға бакалаврға және «Дағдарыс психологиясы» магистратурасына 50 орынға өтінім бар.

– Бүгінгі таңда қалада үш ауысымда оқытатын 8 мектеп және 16 тығыздалған мектеп

жұмыс істейді. 5 жыл бұрын қалада 91 мемлекеттік және 32 жекеменшік мектеп болса, жалпы саны 188841 оқушы, 2024 жылғы жалпы саны 263902 оқушы бар 102 мемлекеттік және 66 жекеменшік мектеп болды. Контингенттің тығыздығы мәселесі жаңа мектептер салу және қосымша ғимараттар салу арқылы шешіледі. Сонымен, ағымдағы жылы:

– «Жайлы мектеп» жобасы аясында 2024 жылдың соңына дейін 20400 оқушыға арналған 12 мектеп салынады (бір ауысымда);

– 2750 орындық жұмыс істеп тұрған 3 мектепке жапсаржай (№13, 17, 27 мектептер), 1500 орындық 2 типтік мектеп (Үркер мектебі, №12 мектеп). Жыл соңына дейін 4 үш ауысымды (№27, 41, 71, 89) және 7 тығыздалған (№17, 59, 63, 67, 72, 75, 85) мектептердің мәселесі шешіледі. Оның ішінде 1 қыркүйекке дейін 3 үш ауысымды (№27, 41, 71) және 6 тығыздалған (№17, 59, 63, 67, 72, 75) мектеп мәселесі шешіледі.

– Биыл желтоқсан айына дейін 1 үш ауысымды (№89) және 1 тығыздалған (№85) мектеп мәселесі шешіледі.

– Қалған 4 үш ауысымды (№37, 74, 79, 83) және 9 тығыздалған мектеп (№1, 2, 3, 30, 60, 62, 69, 86, 87) мәселесі 2025 жылғы шешіледі, – деді Қ.Сенғазиев.

АСТАНАДАҒЫ КӘСІПОРЫНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Сенаттың Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің депутаттары қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кәсіпорындарында болды.

«Қазақстан Аселсан инжиниринг» компаниясын аралау барысында депутаттарға түнде көретін және оптикалық радиобайланыс аспаптары, электрондық платаларды және басқа да жабдықтарды шығару процесі көрсетілді. Ұйым 2023 жылдың қорытындысы бойынша әскери және азаматтық саланың жалпы сомасы 3 млрд 461 млн теңге болатын 50-ден астам шартты орындады. Сенаторлар

кәсіпорын басшылығымен бірлесе отырып, қосымша қаржы бөлу, ұзақ мерзімге жоспарлау және келешегі зор жаңа жобаларды әзірлеу мәселесін талқылады.

Депутаттар сауытты доңғалақты машиналар жасау, жөндеу және сервистік қызмет көрсетумен айналысатын «Қазақстан Парамант инжиниринг» ЖШС жұмысымен де танысты. Сенаторларға сауытты доңғалақты машиналардың

үлгілері мен оларды дайындау, дәнекерлеу, бояу цехтарының жұмысы көрсетілді.

Халық қалаулылары сапар барысында кәсіпорын қызметкерлерімен кездесті және саланың даму келешегіне байланысты мәселелерді талқылады. Қызметкерлер жұмыс жағдайын жақсарту, жаңа технология енгізу, сондай-ақ өндіріс процесінің тиімділігін арттыру жөніндегі ұсынысын жеткізді.



ҚҰРЫЛЫС КОМПАНИЯЛАРЫНА ТАЛАП КҮШЕЙЕДІ

Елорда әкімі Жеңіс Қасымбек қаладағы негізгі құрылыс компанияларының өкілдерімен кездесті. Жиында Ж.Қасымбек құрылыс компанияларына нақты міндеттерін түсіндіріп, құрылысқа қатысты талаптар орындалмаған жағдайда, жұмыс тоқтатылатынын мәлімдеді.

«Қаланың негізгі құрылыс компанияларының өкілдерімен кездестім. Оларға нақты міндеттер жүктедім. Тиісті талаптар орындалмаған жағдайда, нысанда заңбұзушылықтар жойылғанға дейін жұмыс толығымен тоқтатылады. Біріншіден, биыл маусым айынан бастап бірде-бір құрылыс компаниясы инженерлік желілер салынып жатқан немесе енді жобаланып жатқан учаскелерде жаңа нысандардың құрылысын бастай алмайды. Осыған дейін оларға желілердің құрылысы қатар жүріп жатқан учаскелерге тұрғын үй кешенін салуға рұқсат етілген. Бірақ нысандардың құрылысын аяқтау мерзімі желілердің уақытымен сай келмегендіктен, бұл мәселе тұрғындарға қолайсыздық тудырды. Себебі нысандарды уақытша желілерге қосу керек болды. Енді алдағы уақытта қажетті желілердің, яғни электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, несер, тұрмыстық көріз және т. б. орнатылған учаскелерге ғана тұрғын үй кешенінің құрылысын бастауға

рұқсат беріледі» деп жазды әлеуметтік желідегі парақшасында Жеңіс Қасымбек.

Қала басшысы елордада бүгінде 50-ге жуық нысанның құрылысы рұқсат құжаттарының жүргізіліп жатқанын мәлім етті.

«Екіншіден, қазір қалада 50-ге жуық нысанның құрылысы рұқсат құжаттарының жүріп жатты. Құрылыс компанияларына ескертулерді жою үшін уақыт беріледі. Егер жойылмаса, бұл нысандардың құрылысы тоқтатылады. Үшіншіден, көбіне құрылыс компанияларының өзі қоқыс полигондарының пайда болуына себепкер болады. Олардың мердігерлері қосымша ақша табу үшін құрылыс қалдықтарын арнайы белгіленген орынға апармайды, салдарынан рұқсат етілмеген полигондар пайда болады. Осылайша, олар өздері тұратын қаланың экологиясына зиян келтіретінін түсінбейді. Осындай әрекеті үшін құрылыс компанияларын жауапқа тартуды әрі қарай жалғастырамыз. Бұл компа-

ниялар, айыппұл мен аумақты тазалаудан бөлек, әлеуметтік жауапкершілік ретінде өзге де рұқсат етілмеген полигондарды жояды. Мәселен, аудан әкімдіктері жыл басынан бері 15 стихиялық қоқыс үйіндісін жойып, 13 мың тоннаға жуық қоқыс шығарды» деді әкім.

Жеңіс Қасымбек бүгінде дейін қалада абаттандыру және тазалық тәртібін бұзған 18 құрылыс компаниясы жауапқа тартылғанын тілге тиек етті. «Төртіншіден, құрылыс нысандарында дөңгелек жуу пункттері, дыбыс өткізбейтін тосқауылдар, қауіпсіз қоршаулар және т. б. болуы керек. Осыған дейін абаттандыру және тазалық тәртібін бұзған 18 құрылыс компаниясы жауапқа тартылғаны мәлім. Бесіншіден, құрылыс компаниялары тек өз пайдасын ғана емес, үй сатып алушыларға да ыңғайлы болуын ойлауы керек. Сондай-ақ өздері салған тұрғын үй кешенінің аумағын абаттандырып, көгалдандыруы қажет» деп сөзін түйіндеді қала әкімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІН БІЛМЕЙТІНДЕРГЕ АЗАМАТТЫҚ БЕРІЛМЕЙДІ

Президент «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны және қылмыстық-атқару жүйесі салаларындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды.

Ақорданың түсіндіруінше, бұл заңның басты жаңалықтары мынадай: біріншіден, көмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар жасаған (педофилдер), қазақ тілін, ең құрыса, қарапайым деңгейде білмейтін, сондай-ақ

Қазақстан Конституциясының негіздерінен хабарсыз шетелдіктерге Қазақстан азаматтығын беруден, ал бұрын азаматтықтан шығып, кері оралған отандастарға азаматтығын қалпына келтіруден бас тартылады. Тағы бір жаңалық,

Қазақстан төлжұратын иеленгісі келетін жатқұрттықтар бұдан былай Қазақстан тарихынан сынақ тапсырады. Олардың ел тарихынан қандай фактілерді білуі талап етілетінін ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

№59 (4647) 18/05/2024 Сенбі

«ҚАУІПСІЗДІК ӘЛІППЕСІ» ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

Елордада үшінші жыл қатарынан «Қауіпсіздік әліппесі» атты қалалық фестиваль-байқау өтті. Бұл туралы әкімдіктің ресми сайты ақпарат таратты.



Байқау 10-14 жас аралығындағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған №3 арнайы мектепте өтті. Ұйымдастырушылардың айтуынша, фестиваль білім алушылардың бойында қауіпсіз мінез-құлқпен тіршілік ерекетінің негіздері мен дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық қабілетіне қоғамның назарын аудару мақсатында өтеді.

«Біз бұл байқауды биыл үшінші жыл өткізіп жатырмыз және алдымызда практикалық мақсат бар. Балалар қауіпсіздік ережелерімен танысып,

мереке кезінде есте сақтайды. Біз судың жанында қалай жүру керек, неге сіріңкемен ойнауға болмайтынын айтып, жол қозғалысының қарапайым ережелерін ойын түрінде түсіндірдік» дейді №3 арнайы мектеп директоры Гүлдана Әбдіғалиева.

Астана қаласы Полиция департаменті Байқоңыр ауданы полиция басқармасының полиция капитаны Айдана Жүкенова балаларға жол қозғалысы ережелерін түсінуге көмектесті. Байқау екі кезеңде өтті, оған 3 арнайы мектептен және 1 жалпы білім беретін мектептен 36 оқушы төрт номинация бойынша қатысты: «Сіріңке балалар үшін ойыншық емес» суреттер байқауы, «Өртке қарсы инвентарь» қолөнер байқауы, «Жолдағы қауіпсіздік» әлеуметтік бейнероликтер байқауы, «Қауіпсіз балалық шақ» командалық қойылымы. Барлық жеңімпаз «Балалар әлемі» дүкенінің дипломымен және сертификатымен марапатталды.

«Қауіпсіз балалық шақ» номинациясында үш команда өнер көрсетті. №3 арнайы мектептің «Summer time» командасы жеңімпаз атанды. Екінші орынды «Бағдаршам» командасы (№2 арнайы мектеп) және үшінші орынды «Жас ұлан» командасы (№1 арнайы мектеп-интернат) иеленді.

ДУБІРЛІ ДОДАЛАРҒА АРНАЛДЫ

Кеше Астанадағы Abu Dhabi Plaza көпфункционалды кешен саябағында «Қозғалыстағы әлем. Олимпиада, Паралимпиада және Дүниежүзілік көшпенділер ойындары – бірлікте» атты іс-шара өтті.

Ашық аспан аясында өткен іс-шарада әртүрлі жаттығу жасалып, оған салауатты өмір салтын серік еткен жандар, танымал спортшылар қатысты. Солардың қатарында қазақ елінің туын биікке көтерген еліміздің мақтанышы Серік Сәпиев болды.

– Бұл іс-шараны қолдап отырған Туризм және спорт министрлігіне, Астана қаласының әкімдігіне, Дене шынықтыру және спорт басқармасына, басқа да ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін. Олимпиадалық ойынның басталуына 70 күн және Паралимпиада ойынына 102 күн, ал Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына 111 күн қалды. Қатысатын спортшыларға сәттілік тілеп, қолдау көрсетейік! – деп ақжарма тілегін білдірді спорт жұлдызы.

Сонымен қатар қазақстандық ауыр атлет, екі дүркін әлем чемпионы Светлана Подобедовамен кездесу өтті.

– Паралимпиада спортына 2010 жылы кіріп, 6 жыл ішінде жақсы дайындалып, 2016 жылы Олимпиадаға қатыстым, күміс жүлдегер атанып, көк туымды көкке көтердім. Бұл жетістікке жеткенім – тек менің еңбегім ғана емес, бапкерімнің, отбасымның және



де халқымның, жанашыр жанкүйерлерімнің арқасы. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев бізді әрдайым қолдап келді. Баса назар аударатын мәселе, осындай паралимпиадалық орталықтар әрбір аудандарда, ірі қалаларда ашылса өте керемет болар еді, әсіресе ауылдық жерде жетіспей жатқан спорт мектептерін ашса нұр үстіне нұр болары сөзсіз, – деді парапауэрлифтингтен Рио Паралимпиадасының күміс жүлдегері Раушан Қойшыбаева.

Іс-шара барысында қатысушылар үшін асық ату, арқан тарту ұлттық ойындарынан шеберлік сабақтар өтіп, «Fitness Palace Astana» ұйымы мамандары денсаулықты нығайту бойынша түрлі жаттығу көрсетті.

– Париж Паралимпиадасының жол-

дамасына Астана қаласынан 5 параспортшы таласып жатыр. Парадзододан шешуші ұпай үлестірілетін жарыс Тбилисиде ұйымдастырылып, маусым айында толық рейтинг жарияланады. Соңғы жылдардағы көрсеткіштерге қарап елордамызда параспорт қарқынды дамып жатыр деуге негіз бар, – деді Астана қаласы әкімдігінің «Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған «Елорда» спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Азамат Тағаев.

Қатысушылар тек танымал спортшыларды көріп қана қоймай, түрлі викторина сұрақтарына жауап берді.

Анель АМАНГЕЛДИЕВА,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ӘНДЕР ШЫРҚАЛДЫ

Елордадағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығында «Жас сарбаз – патриоттар ордасы» жобасы аясында әскери-патриоттық әндер байқауы қорытындыланды. Байқау армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдығына орай өтті.

Индира БЕРЖАНОВА

Салтанатты іс-шараны елорданың Жастар саясаты мәселелері басқармасы, Білім басқармасы және «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы республикалық қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалы бірлесе ұйымдастырды.

Елордалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраевтың айтуынша, астаналық мектептер мен колледждерде 80-ге жуық «Жас сарбаз» сыныптары мен клубтары

жұмыс істейді. Ал қозғалыс тәрбиеленушілерінің саны 8 мыңнан астам адамды құрайды.

«Әскери-патриоттық әндер байқауына қатысушылар 19 сәуірден бастап іріктелді. Барлығы 58 баладан өтінім келіп түсті, нәтижесінде тек 7-еуі ақтық кезеңге жолдама алды. Бұл байқаудың жеңімпаздары биыл қараша айында өтетін республикалық байқауға қатысады» деп бөлісті «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы республикалық қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалы төрағасының орынбасары Айдархан Махамбет.

Сайыс қорытындысы бойынша байқаудың бас жүлдесі №51 мектеп-гимназия оқушысы Арай Еракетке берілді. I орынды педагогика колледжінен Диас Мэлс жеңіп алды. II орынды №57 орта мектебінен Темірбек Қалменбай мен №52 мектеп-гимназиясынан Дініслам Копиров бөлісті. Ал III орынға сервис және туризм колледжінің студенті Наргиз Маликова, №63 мектеп-гимназияның «Армандастар» домбырашылар ансамблі және №61 мектеп-лицейінің оқушысы Мансұр Мұхамеджанов лайық деп танылды.



ЖАС ОТБАСЫЛАР ШЫРША ОТЫРҒЫЗДЫ

Amanat партиясы Астана қалалық филиалының ұйымдастыруымен «Бақытты отбасы» жобасы аясында елордалық жас отбасылар Линейный саябағы аумағына шырша көшеттерін отырғызды. Халықаралық отбасы күніне орай ұйымдастырылған ізгі акцияға жас кәсіпкерлер, мұғалімдер, дәрігерлер белсене қатысып, ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

«Мемлекет басшысы қолдау көрсеткен «Таза Қазақстан» экология акциясы науқандық іс-шара емес. Қаламызды таза ұстау, абаттандыру, көшеттер отырғызу тәрізді экология іс-шаралары жалғасын тауып, әр тұрғынның экологиялық сауаттылығын арттыруымыз керек. Бұл өзіміз үшін де, қаламыз үшін де, болашақ ұрпақ үшін де аса маңызды» деп атап өтті Amanat партиясы Аста-

на қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Большбек.

Жобаға қатысқан бастауыш партия ұйымдарының мүшелері көшеттерді уақытылы суарып тұратынын, қаладағы «меншікті» көшеттерінің барына шын қуанышты екенін, мұндай іс-шаралардың өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімінің орнығуына оң әсер ететінін айтып, тарқасты.

ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ!

Астана қаласының мәслихаты «Астана қаласында балалар лагерлері мен балалар демалысын дамыту» тақырыбында көпшілік тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Көпшілік тыңдаулар 2024 жылғы 28 мамыр сағат 16:00-де мәслихаттың Facebook әлеуметтік желісіндегі аккаунтында онлайн режимінде өтеді. Байланыс деректері: 55-66-35, astana@maslihat01.kz

Е.КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2024 жылғы 23 мамыр сағат 10:00-де қалалық мәслихаттың мәжіліс залында Астана қаласы мәслихаты сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақ енгізіледі:

1. Астана қаласында жаңа аудан құру, аудандардың шекараларын белгілеу және өзгерту туралы.

Анықтама үшін телефон: 55-66-36.

Е.КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

АКТЕРЛЕР ЕЛОРДАҒА КӨШЕТ СЫЙЛАДЫ

«Adam bol» қазақстандық-африкалық фильмінің алдын ала көрсетілімі барысында түсірілім тобы «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экология акциясын қолдап, астаналықтарға көшеттерді сыйға тартты.

Киногерлер игі істен шетте қалмай, елордадағы көгалдандыру мен тазалықты сақтауға өз үлесін қосуға шешім қабылдады. Олар өздерінің кинокартиналары айшықты із қалдырып, жастарға үлгі болғанын қалайтынын айтты.

– Фильм атауының өзі «Адам бол» деп тұр, сондықтан барлық адами қасиет бәріне тән. Фильмнің идея-

сы арқылы жастарға үлгі көрсеткіміз келеді. Қалаға шағын тарту жасауды ұйғардық. Жұлдыздар аллеясында біздің көшеттеріміз де болуы үшін елордамызға көшеттер сыйлаймыз. Осылайша, астананы дамыту мен көгалдандыруға өз үлесімізді қосқымыз келеді. Астана әкімдігі де идеямызды қолдады, – деп атап өтті кинокартина жасаушылар.

ӘНШІЛЕР ТАЛ ЕКТІ

Астанадағы Ботаникалық саябақта «Орда» тобының әншілері ағаш екті.

«Таза Қазақстан» экология акциясын қолдаймыз. Біз қаламыздың таза әрі әдемі болғанын қалаймыз. Мұндай акция қоршаған ортаны одан да тартымды етеді. Болашақта бұл ағаштар биік болып өскенін тілейміз. Жасыл Қазақстан – Таза Қазақстан жасасын» дейді «Орда» тобының мүшесі Ерболат Беделхан.

«Қазір елімізде «Таза Қазақстан»

экология акциясын қолдау мақсатында мәдениет саласының қызметкерлері Ботаникалық саябақтағы Жұлдыздар аллеясында көшеттер отырғызып жатыр. Бірінші болып шақырылған қонағымыз – «Орда» тобы қарағай ағаштарын екті. Бұл топ бүгін елордада концерт береді» деді Астана қаласы Мәдениет басқармасы мәдениет бөлімінің басшысы Ақерке Жұманбаева.

ТҮЛЕКТЕРГЕ 150 ГРАНТ БӨЛІНДІ



Астанада алдағы оқу жылында халықтың әлеуметтік осал тобы санатына жататын 150 мектеп түлегі жоғары оқу орнында тегін оқиды. Олардың оқу ақысын төлеуге жергілікті бюджеттен грант бөлінді. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлімдеді.

Е.Каналимовтың сөзінше, әлеуметтік көмектің мөлшері оқу ақысына тең және қала бюджетінде осы мақсатқа көзделген қаражат шегінен аспайды. Медицина, педагогика және техника мамандықтарын таңдаған түлектерге басымдық беріледі. Атап өтерлігі, елордалық мәслихаттың шешімімен әлеуметтік жағдайы төмен балалардың тегін оқуына жыл сайын грант бөлінеді. Өткен жылы 100 адам осы мүмкіндікті пайдаланған еді.

«Көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың, «Жастар рухы» белсенділерінің және жас спортшылардың арасынан шыққан түлектер биыл «Синергия» университетінде және «Astana International University»-де 1-курс аяқтайды. Тағы 40 адам елорданың жоғары көлік және коммуникация колледжінде, М.Жұмабаев атындағы халықаралық колледжде тегін оқиды. Астана қаласы мәслихатының атынан грант беру дәстүрі биыл да жалғасады. Былтыр қалалық мәслихат депутаттары жетекшілік ететін кәсіпорындар мен мекемелерге 200-ден астам түлек жұмысқа орналасты» деп жазды мәслихат төрағасы.

ДИПЛОММЕН ҚАЙДА БАРҒАН ЖӨН?

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен халықаралық конференцияда жоғары оқу орнының түлектерін жұмысқа орналастыру мәселелері талқыланды.



«Түлектерді кәсіби дамыту және жұмысқа орналастыру: еңбек нарығының заманауи үрдістері, сын-тегеуріндер мен мүмкіндіктер» форумына Орталық Азия, Еуропа және Қазақстан елдерінен 250-ден астам адам қатысты. Форумның мақсаты – жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін кәсіби даму және жұмысқа орналасу мүмкіндігі тақырыбы бойынша диалогқа жәрдемдесу және идеялармен алмасу. Кездесудің бастамашылары пікірталас барысында айтылған барлық идея нақты тиімді стратегияларды қалыптастыру және түлектердің мансаптық мүмкіндігін кеңейту үшін баға жетпес мән-ге ие болады деп санайды.

– Қазақстанның елордасы – Астанада ұйымдастырылған форум Еуропа мен Орталық Азия елдерінің жетекші сарапшыларын, бизнес, білім беру мекемелері мен үкіметтік органдарының өкілдерін жина-

ды. Түлектерімізді одан әрі жұмысқа орналастыруға айрықша көңіл бөлеміз. Жастарға жұмыс іздеуде көмек көрсету үшін іс-шаралардың тұтас жүйесі іске асырылуда. Бұл туралы «Бірінші жұмыс орны» және «Жастар тәжірибесі» сияқты бағдарламалар бар. Сонымен қатар «Бастау бизнес» жобасы жастарға үлкен көмек болды, оның аясында өз ісін жаңа бастаған кәсіпкер бизнесті дамытуға мемлекеттік грант ала алады. Бірақ қазіргі жағдайда адам үнемі оқып, дамуы керек екенін атап өткен жөн, – деді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің орынбасары Олжас Ордабаев.

Қатысушылар «Еңбек нарығының тенденциялары: әлемдік еңбек нарығындағы қазіргі тенденцияларды талдау және олардың түлектердің дағдыларына қойылатын талаптарға әсері»; «Білім берудегі сын-қатерлер: студент-

терді еңбек нарығының қазіргі жағдайына дайындауда білім беру мекемелерінің алдында тұрған сын-қатерлерді талқылау. Оқыту үдерісіндегі технологиялардың рөлін және олардың түлектерді даярлауға әсерін қарастыру»; «Білім беру мен бизнес арасындағы серіктестік: түлектердің табысты жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету үшін оқу орындары мен кәсіпорындар арасындағы ынтымақтастық қажетін талқылау» және «Мемлекетті қолдау: жастарды жұмысқа орналастыруды мемлекеттік қолдау және ынталандыру іс-шараларын қарау» секілді өзекті тақырыптар қозғалған пленарлық сессияларда жұмысын жалғастырды. Қорытынды сессияда маңызды ұсыныстар айтылды. Ұйымдастырушылар мұндай кездесулер дәстүрге айналатынына сенім білдірді.

Құралай МҰРАТОВА

Білім басқармасы басшысының орынбасары Маржан Қайырбаева Астана қалалық коммуникациялар қызметінде «Оқу жылының аяқталуы және балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру» деген тақырыппен брифинг өткізді. Төменде құзырлы орган өкілінің жасаған баяндамасынан ақпараттар жариялап отырмыз.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС ҚАЛАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ?

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

11-СЫНЫПТЫ 11230 ТҮЛЕК АЯҚТАЙДЫ

2023-2024 оқу жылында елордада 263 мыңнан астам оқушы білім алды. Оның ішінде 11-сыныпты 11230 түлек аяқтаса, 9-сыныпты 19952 оқушы тәмамдайды. «Алтын белгіге» үміткер 294 оқушы және 717 үздік аттестатқа үміткер бар.

Биыл оқу жылы 25 мамырда аяқталады. 24 мамыр күні 1-10-сынып оқушылары үшін «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» шеңберінде «Білімім – Отаныма» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты, ал 25 мамыр күні 11-сыныпқа арналған «Соңғы қоңырау» іс-шарасы өтеді.

Іс-шараларды өткізуге аниматорларды, мерекелік агенттіктерді, жеке студияларды тартуға, мерекелік үстелдерді ұйымдастыруға, жалға берілетін автокөліктерді тарту отырып, қала бойынша көшпелі экскурсиялар өткізуге, әкімшілік қызметкерлер мен педагогтарға сыйлық үшін ақша жинауға рұқсат етілмейді.

ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ – МАҢЫЗДЫ СЫНАҚ

9 (10)-сынып оқушыларының қорытынды бітіру емтихандары 29 мамыр-10 маусым аралығында 4 пәннен өтеді.

11 (12)-сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары 28 мамыр-11 маусым аралығында 5 пәннен ұйымдастырылады.

Биыл алғаш рет 5-8, 10-сыныптарда оқушылардың бағ-

дарламалар мазмұнын меңгеру деңгейін бағалау мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 27-31 мамыр аралығында аралық емтихандар өтпек. Мәселен, «қазақ тілі» – қазақ сыныптары үшін; «қазақ тілі мен әдебиеті» – қазақ тілінен басқа тілде оқытатын сыныптар үшін. Тапсыру түрі: жазбаша және ауызша (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдысы бойынша).

Елорда түлектері үшін аттестаттарды салтанатты табыстау ағымдағы жылдың 14 маусымында өтеді. Сондай-ақ елордада мектеп тәмамдаған түлектердің ең ауқымды кеші – «Елорда мақтанышы-2024» форумы өтеді.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ НЕДЕ?

Балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру кезіндегі қауіпсіздік – Білім басқармасының басты назарында. Бұл жөнінде білім беру ұйымдарының басшыларымен, полиция, төтенше жағдайлар, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, қоғамдық денсаулық сақтау басқармаларының өкілдерін шақыра отырып, кеңес, нұсқама және семинар өтті. Барлық басшыға балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау туралы ұсыныс айтылып, жадына таратылды.

Бұдан басқа, Білім басқармасы жазғы демалысты ұйымдастыруға тартылған барлық мемлекеттік құрылымның ішінен қалалық ведомстваралық штаб құрды, қалалық іс-шаралар жоспары бекітілді.

15-20 мамыр аралығында штаб мүшелері, Білім басқармасының қызметкерлері мектеп жанындағы лагерлерде оқушылардың жазғы демалысының басталуына дайындығын алдын ала тексеруді бастады.

Жазғы демалыстың барлық түрімен 1-10-сыныптың 206468 оқушысы (96 пайыз) қамтылады. Ал демалысты ұйымдастыру екі бағыт бойынша жүргізіледі: сауықтыру және жұмыспен қамту.

Қаланың білім беру ұйымдары базасында 97 мектеп жанындағы лагер, оқушылардың қызығушылығы бойынша 75 бейіндік лагер, балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану орталығының базасында орналасқан «Батыр» шатырлы лагері жұмыс істейді. №43 қосымша білім беру

мектеп-орталығында 3 маусымнан 23 тамызға дейін 720 баланы қамтитын «Ақ желкен» спорт лагері жұмыс істейді. Әлеуметтік ахуалы төмен отбасынан шыққан балалардың жазғы демалысын тегін ұйымдастыру үшін жалпыға бірдей білім беру қорының қаражаты есебінен 7326 бала тегін демалады. Сондай-ақ жақын және алыс шетелге туристік сапар кезінде 45820 баланы қамтитын ата-аналардың қаражаты есебінен демалыс қарастырылған. Сонымен қатар 1-4-сынып оқушылары «Бөбек», 5-9-сынып оқушылары «Балдәурен-Щучинск», «Балдәурен-Балқаш» республикалық сауықтыру лагерлерінде емделі алады. Оқу-ағарту министрлігінің берілген квотасына әйкес, мұнда әлеуметтік ахуалы төмен және көпбалалы отбасынан шыққан 458 бала жаз бойы демалады.

КАНИКУЛДА ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Демалыста балаларды жұмыспен қамтуда ұйымдастыру үшін 200519 баланы (99 пайыз) 4 бағыт бойынша қамту жоспарлануда.

Жұмыспен қамту бағыты бойынша барлығы 43417 баланы қамтитын 116 іс-шара өткізу жоспарланған. «Жасыл ел» көгалдандыру бригадалары, жұмыспен қамту орталықтары, жоғарғы сынып оқушыларының еңбек жасағында, көгалдандыру бригадалары, мектеп орманшылығы, өндіріс кәсіпорнында жұмыс істеуге, жазғы маусым кезінде компанияларда келісімшарт негізінде жұмыс істеуге, жөндеу-құрылыс бригадаларында және отбасында ата-анасымен жұмыс істеуге рұқсат берілген.

Шығармашылық жұмыспен қамту бағыты бойынша 99360 баланы қамти отырып, 300-ден астам іс-шара өтеді. Өртүрлі мекеме жанынан әртүрлі қызығушылық бойынша клубтар мен үйірмелер, аула клубтары жұмыс істейді.

Спортпен, туристік жұмыспен қамтуда барлығы 3330 балаға арналған 483 іс-шара өтеді. 3 күндік жорық, экскурсия, облыс және республика бойынша туристік танысу сапары, көшпелі спорт жиыны ұйымдастырылады.

Зияткерлік жұмыспен қамтуда барлығы 4848 баланы қамтитын 11 іс-шара жоспарланған.



№59 (4647) 18/05/2024 Сенбі

Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

Бүгінде Есіл ауданы қарқынды дамып келеді. Әсіресе соңғы жылдары тұрғындар санының тез өсуіне байланысты қолайлы өмір сүру үшін барынша жағдай жасалып, әлеуметтік нысандар салынууда. Саябақтар мен тынымбақтар саны артып, жолдар мен көшелер абаттандырылуда. Алда атқарылар міндет те ауқымды.

АЙНАЛАНЫ ТАЗАРТУ –
БАСТЫ НАЗАРДА

Есіл ауданы – еліміздің әкімшілік орталығы, халықаралық делегацияларды күтетін және маңызды жиындардың өтетін орны. Сол себептен ауданның санитарлық тазалығы қала және аудан әкімшілігінің басты назарында. Бұл бағыттағы санитарлық жұмыстардың күнделікті жүргізілуі де сондықтан. Тізбектесек, ауданда аялдамаларды, қоғамдық дәретханаларды, көпірлерді, қоршауларды жуып-тазалуға іс-шаралар күнделікті атқарылып келеді. Сондай-ақ аулаларды, халық демалатын орындарды, зираттарды сыпырып, қоқыс шығару жұмыстары да тоқтаусыз жүргізіліп жатыр. Соның ішінде ауданның ғана емес, бүкіл елорданың бетке ұстар демалыс орны – Ботаникалық саябақта да көктем басталғалы санитарлық тазарту мен жасыл желектерді суару жұмыстары жалғасып келеді. Жалпы осы жазда Ботаникалық саябақ ерекше гүлденбек. Себебі биыл бұл аумақты толығымен жаңарту көзделген. Атап айтқанда, велосипедке және жүгіруге арналған жолдар, спорт алаңдары, орындықтар, балалар алаңқайлары, жарықшам бағандары толығымен күрделі жөндеуден өтеді. Бұған дейін тұрғындардың өтініші бойынша орталық кіреберіс қосымша пандустармен жабдықталған болатын.

АТАДАН МАЛ ҚАЛҒАНША –
ТАЛ ҚАЛСЫН

Тұрғындар арасында экоәдебиет қалыптастыру және қоршаған ортаға ұқыпты қарауға баулу мақсатында ауданда тұрғындардың қатысуымен түрлі іс-шара өтеді. «Атадан мал қалғанша – тал қалсын» дейді халық даналығы. Аталы сөзді күні кеше елордалық 10 отбасы өз деңгейінде орындады. Жас отбасылар Мемлекет басшысының тапсырмасына және Халықаралық отбасы күніне орай Абу-Даби Плаза жанындағы саябақта 10 түп шырша ағашын отырғызды. Іс-шараны Есіл ауданы әкімдігі мен Атапат партиясының Есіл аудандық филиалы бірлесіп ұйымдастырды.

Ауқымды тал егу жұмыстары «Бағыстан» тұрғын үй кешені маңында да өтті. «Таза Қазақстан» экология айлығы аясында бұл аумақта 500 түп шырша және қарағаш отырғызылды. Сонымен қатар аталған акция аясында Есіл ауданындағы Қарасу өзені және Нұра-Есіл арнасы жағалауларында сенбіліктер өтіп, жағажай маңы қоқыстан тазартты. Қарасу өзені бойына «Мөлдір бұлақ» экоапталығы аясында мемлекеттік мекемелердің 400-ден астам қызметкері сенбілікке шығып, жағажайды «демалыс» қалдықтарынан тазартты. Нұра-Есіл арнасы да акция басталғанда қоқысқа толы еді. Сол себепті аудан әкімдігі бірнеше мәрте тазалық апталығын өткізіп, аумақты қоқыстан түбегейлі тазартты. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы экоайлыққа белсене атсалысып, екі апта бойы сенбілікке 200-ден астам қызметкер шығарған екен. Ал «Жасыл аймақ» апталығы аясында

ЕСІЛ АУДАНЫНДАҒЫ
ЕҢСЕЛІ ІСТЕР

Астанадағы ең жылдам дамып келе жатқан ауданның бірі – Есіл. Құрылғанына 15 жылдан асып барады. Жалпы аумағы 200,22 шаршы километрді қамтитын аудан халқының саны бүгінде 240315 адамды құрап отыр. Газетіміздің осы санында елорданы көркейтуге елеулі үлес қосып жүрген ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тыныс-тіршілігіне тоқталғанды жөн көрдік.



аталған компания Есіл ауданында 600 түп ағаш отырғызды. Оның 400-і №75 мектептің аумағында, ал 200-і Әбіш Кекілбаев көшесінің жиегінде бой көтерді. Түрлерін атап айтсақ, шырша, қайың, үйеңкі, алма, алмұрт, қарағаш және лиственден ағаштары. Сонымен қатар «Самұрық Қазына» АҚ 2000 қызметкерімен Президенттік саябақ аумағын көктемгі қоқыстан тазартты, кейіннен дәл осы саябақта Есіл ауданының әкімдігі мен VI Group холдингі бірлесіп, тұрғындар арасында экоәдебиет қалыптастыруға бағытталған жалпыхалықтық пикникпен кинокөрсетілім өткізді. Соның негізінде елорданың мыңға жуық тұрғыны мен қонағы Президенттік саябақ аумағында отбасымен пикникке шығып, таза ауада, табиғат аясында қызықты уақыт өткізді. Ал балалар үшін арнайы аквагрим суретшілері, сиқыршылар мен аниматорлар жұмыс істеді. Пикник соңында тұрғындар саябақ аумағын қоқыстан тазартып, кешкісін «Хатико» фильмін және «Муллан» мультфильмін тамашалады. Жалпы «Таза Қазақстан»

экоайлығы аясында VI Group холдингі Есіл ауданында бірнеше ауқымды іс-шара өткізді, олар: жалпыхалықтық пикник, кинокөрсетілім, сонымен қатар Ботаникалық бақтағы жаппай йога сабағы мен ашық аспан астындағы караоке.

«Таза Қазақстан» айлығы аясындағы санитарлық тазарту жұмыстарының негізгісі – рұқсат етілмеген полигондарды жою. Аудан аумағында стихиялық полигондардың 6 учаскесі бар. Олардағы қоқыс көлемі 50000 тоннадан асады. Қазіргі уақытта Jetisu Aqsu ТК маңындағы учаскенің қоқысы шығарылып жатыр.

АУДАНДАҒЫ
АЖАРЛЫ АУЛАЛАР

Тұрғындардың серуендеп, демалатын орындарының қатарында өздері тұратын аула-аумақтары да бар. Сондықтан Есіл ауданы әкімдігінің алдына қойған міндетінің бірі – аулалардың жай-күйін реттеу. Бұл мақсат, сәйкесінше, бүгіндері орындалып жатыр. Есіл ауданы әкімі Дәрменияр Қыдырбекұлының

айтуынша, қазіргі уақытта аудан аумағында 342 аула бар. Оның 85 пайызы тұрғындар талабына сай абаттандырылған, яғни 293 аула жөндеуді қажет етпейді, тек 49 аулаға абаттандыру жұмыстарын жүргізу қажет.

Атқарылған жұмыстарға тоқталсақ, Есіл ауданында ағымдағы жылы 7 аулада жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Кей аулалардың спорт алаңдарына жаңа тартан төселсе, кейбірінде балалар ойын алаңдары боялып, қираған орындықтары ауыстырылды. Сондай-ақ биыл «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында ауданда 4 аула қайта жөндеуден өтіп, толықтай жаңартылды. Жалпы «Халық қатысатын бюджет» жобасы бойынша Есіл ауданы тұрғындарынан 30 өтініш қабылданған еді. Оның 11-і, ережеге сәйкес, дауыс беруге жіберіліп, нәтижесінде ең көп дауыс жинаған 4 жоба биыл іске асады. Олар: Алматы көшесі, 13-үй немесе «Отандастар» тұрғын үй кешені тұрғындарының «Отандастар ТК ауласын абаттандыру» жобасы; Сарайшық көшесі, 5/1-үй тұрғында-



рының «Балалар алаңы мен аула аумағын қайта құру» жобасы; Қабанбай батыр даңғылы, 42-үйде орналасқан «Инфинити-2» ТК тұрғындарының «Бақытты балалық шақ» жобасы және Қабанбай батыр даңғылы, 40-үйдегі «Инфинити-1» ТК тұрғындарының жобасы.

– Біз аула аумақтары мен қоғамдық кеңістіктерді ауқымды абаттандыру жұмыстарын жалғастырамыз. Мұның бәрі аудан тұрғындары мен қонақтарына қолайлы орта қалыптастыру, уақытты тиімді өткізу, белсенді спорт түрлерімен айналысуы үшін жасалып отыр. Сонымен қатар бұл аула көркі мен қауіпсіздігін арттырады, – деді аудан әкімі.

Тілге тиек етсек, абаттандырылған аулаларда жаңа ойын және спорт тренажерлері орнатылып, алаңдарға резеңке төсеніштер төселді. Балалар ойын алаңдары шарбақтармен қоршалып, түрлі түсті бояулармен әрленді. Күрделі жөндеуден өткен аулалардағы балалар ойын алаңы түрлі түсті қондырғыларды, құм төселген алаңдарды, асфальтталған жаяу жүргіншілер жолдарын көрген сайын көңіліңіз толып, қаламызды көгалдандыру және көркейту мақсатында, шын мәнінде, ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанына нәтигі боласыз.

КӨШЕЛЕР ЖАРЫҚПЕН
КӨРІКТІ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ

Есіл ауданында жарықтандырылған көшелердің қатары жылдан-жылға көбейіп келеді. Ауданның коммуналдық қызметтері тұрақты негізде қысқа тұйықталуларды жою, істен шыққан шамдарды, кабельдерді ауыстыру, жаңа бағандарды орнату жұмыстарын жүргізуде. Өздеріңіз білетіндей, ауданның кейбір жерлерінде 2000 жылдардан бастап мүлдем ауыстырылмаған кабельдер бар. Аудан әкімшілігі ондай тозығы жеткен кабельдерді кезең-кезеңімен ауыстырып жатыр.

Жарықтандыру – аумақты абаттандырудың ажырамас бөлігі. Бұл ретте аудан аумағындағы Абу-Даби Плаза саябағында 35 жарықтандыру бағанасында жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, 4 метрлік 17 бағананың шамдары ауыстырылды.

Ауданның нақ ортасында тұрған Шұбар шағын ауданында кей көшелерде жарықтан-

дыру проблемасы болған еді. Нақты айтқанда, Темірқазық, Көктем көшелерінің жарықтануы. Ол жердегі істен шыққан 8 жарықшам ауыстырылды. Сондай-ақ Е. Тайбеков көшесінде сым желілері де жаңартылды. Бұдан бөлек, «Пригородный» тұрғын алабындағы коттедж қалашығында 12, «Тельман» кентіндегі Аңырақай, Жайсан және Ақкемер көшелерінде 7 жарықшам ауыстырылды. Жарықтандырудың тағы бір маңызды бөлігі – ол жарықшам бағандарын күтіп-баптау жұмыстары. Айталық, көктем мезгілі басталғалы 1588 бағана боялды, 119 люк жабылды, 1336 жарықшам бағаны жуылып, тазартылды.

«Жол картасы» бағдарламасы аясында өткен жылы «Пригородный» тұрғын алабының «Юг» ТК мен «Аспан» спорт-сауықтыру кешенінен бастап Е-697 көшесіне дейінгі аумақта түгелімен жарықтандыру бағандары орнатылған болатын.

Жалпы ауданда жарықтандыру бағытында күнделікті атқарылып жатқан жұмыстар тізімі көп, біз тек ең маңыздыларын жазуды жөн санадық.

ЖАЙЛЫ ДА ЖЫЛЫ
АЯЛДАМАЛАР

Халықтың көптеп шоғырланатын маңызды орнының бірі – аялдама. Автобус күтетін орын болғандықтан, жолсаушылар легі де толассыз. Сол себептен аялдамалардың санитариясы күнделікті жүргізілуі тиіс. Есіл ауданында бүгінде 191 аялдама кешені және 222 аялдама пункті бар. Оның 26-сы – жылы, 7-еуі – вандализмге қарсы жабдықталған, 75-і – әйнек типтегі аялдама.

Аялдамаларды жуу, қоқыстарын шығару, әйнектерінің тазалығы, сынған элементтерін қалпына келтіру аппарат құзыретіне кіреді. Аудан әкімдігі 108 аялдама кешеніне қызмет көрсетеді және аталған жұмыстар күнделікті атқарылады. Мәселен, өткен аптада 60 аялдама боялды. Қалалық типтегі 20 аялдамаға әйнек орнатылды. 3 аялдаманың есігі жөндеді. Сонымен қатар жылы аялдамаларда кондиционерлер қосылды.

Өткен жылы «Бином люкс» мектебіне, «Талисман» тұрғын үй кешеніне және Garden Village-ге жылы аялдамалар орнатылды. Достық көшесіндегі бір стильдегі екі жаңа жылы павильон жеке кәсіпкерлердің есебінен қойылды. Ал қалалық Көлік басқармасы «Орынбор Тауэрс» және «Заречное» тұрғын алабында осындай жылы аялдама орнатты.

Ауданның бүгінгі тыныс-тіршілігі осындай. Газет бетінің сыйымдылығына байланысты маңызды деген жұмыстарды ғана көрсеттік. Қорытындылай келе айтқым келетіні, еңселі елорданың ерке Есілі атымен аталатын Есіл ауданының дамуы үдей түспек, халық игілігіне жарар жоспар көп.





Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

ЗАҢДЫ ҚАТАЙТУ – НЕГІЗДІ

Бірақ осы жерде ұшбу заң туралы пікір екіге жарылып тұр. «Әрине, қылмыскерді жазалаған жөн. Дегенмен, баласына «тәйт» демейтін әке бола ма? Әкеміз бала күнімізде талай қамшының астына алып, сарайға қамап қоятын. Қазір ойлап отырсам, соған ол кісіні өзім мәжбүрлейді екенмін. Шектен шыққан тентектік жасаймын. Қыңырлық танытып, айтқанын тыңдамаймын. Сосын жүйкесі шыдамаған әкеміз бір күні таяқтың астына алады. Қазір өзімнің төрт балам бар. Жасыратыны жоқ, бір балам сәл еркелеу. Сабаққа бармай, көше кезгені үшін бірнеше рет шапалақтадым да. Енді жаңа заң бойынша мен балам қандай қыңырлық танытса да, қол көтере алмайды екенмін» дейді елорда тұрғыны Серік Сағынтайұлы.

Біреулер «Еуропа елдерінде бала тәрбиесі бізден өзгешелеу» дегенді айтады. Онда балаң «дүкеннен ойыншық әпермедің» деп жер тепкілеп жылап жатсын, ұйықтамай, түнімен музыка тындап шықсын, оған ешқандай дауыс көтермей, тек мұнысы дұрыс емес екендігін айтып, мән-жайды түсіндіруіңіз керек екен. Кез келген әрекетіне төзімділік танытып, кәмететке толмаған балаңызбен әрқашан терезесі тең сөйлесуіңіз қажет. Олай болмаған жағдайда ювеналды полиция қызметкері мұны балаға көрсетілген психикалық қысым деп бағалап, сізді әкімшілік жауапкершілікке тартуы әбден мүмкін.

Сондықтан «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» заңға енгізілген түзетулер мен толықтырулар отбасына ойран салатындардан бұрын кейбір ата-аналарды да қатты алаңдатып отыр. «Қазақстанның ата-аналар одағы» қоғамдық бірлестігі деп аталатын ұйымның сайты ашып қалсаңыз, Мәжіліс қабылдап, Сенат мақұлдап, Мемлекет басшысы қол қойғаннан кейінгі осы құжаттың айналасында күн сайын талқылаулар мен пікір таластар орын алып келеді. Кейбір адамдарда «енді баламызға ұрысып, дауыс көтеруге де құқығымыз жоқ па?», «артық қылымыз деп тыртық қылып жүрмейік» деген сыңайдағы үрей мен дүрбелең байқалады.

Дегенмен, қолданыстағы заңды бұлай қатаңдатуға толық негіз де бар еді. Қазақстан Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полициясы комитетінің басқарма басшысы Әсет Оспановтың айтуынша, жыл басынан бері перзенттеріне дұрыс қарамаған алты мың ата-ана есепке алынып, 12 мыңның үстінен әкімшілік жауапкершілікке тарту жөнінде іс қаралған. Сондай-ақ, 600 отбасы ата-аналық құқығынан айырылып, 340 азаматтық ата-аналық құқығы шектелген. Бұл тек ресми түрде анықталып, қағазға түскені ғана. Осы салада тер төгіп жүрген еріктілердің айтуынша, шын мәнінде бұл сандар-

БАЛАҒА «ТӘЙТ» ДЕМЕУ ДҰРЫС ПА?

Астана қаласында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы бұған дейін де бірнеше акция өтті. Ер адамның әйелге қол көтеруін, баласын сабауын қоғам қатаң айыптайды. Мұндай адамдарға тоқтау салу, оларды жазалау дұрыс деп санайды. Отбасындағы әйел мен балаға қатысты кез келген жуан жұдырықтық аяусыз әшкереленуі қажет. Осыған орай елордада наурыз айында қоғам белсенділері ұйымдастырған «Ана мен баланың құқығын қорғау – елдік мүдде» деген тақырыпта дөңгелек үстел мәжілісі өткен еді. Онда айтылған пікірлерді күні кеше елдің Парламенті мақұлдап, Мемлекет басшысы жаңа заңға қол да қойды. Енді ол биыл 16 маусымынан бастап күшіне енеді.

ды батыл түрде екі-үш есе көбейтіп көрсетсе, ақиқатқа бір табан жақын болатын көрінеді. Өйткені қоғам белсенділерінің қамқоршылық пен қорғаншылық органдарына көбіне даусы жетпей жатады екен.

Бір-екі мысал. Елордада патронаждық отбасынан қашып кетіп, қаңғыбастық жолға түскен баланы жарты жыл бойы ешкім іздемеген. Ақыры арып-ашып, өлімші күйге жеткен жеткіншекті базарда біреу ұрлық үстінде ұстап, ұрып-соғып жатқан жерінен полиция көріп, аман қалған. Сол жарты жыл бойы ол не мектебіне, не асырап алған отбасына керек болмаған.

Сондай-ақ, Қарағанды қаласында сегіз жасар баланы өгей әкесі күнде ұрып, күн көрсетпейтін болған. Үшінші баласына аяғы ауыр шешесі асыраушысынан айырылып қаламын ба деген қауіппен жұмған аузын ашаған.

Міне енді жаңа заңнан кейін құқық қорғау органдары, атап айтқанда, Астана қаласының прокуратурасы мен білім мекемелері, қорғаншылық орындары мен психологтар бастама көтеріп, бала тәрбиесі күмән туғызатын отбасыларды тексеруді қолға ала бастады.

ҮМІТТЕН КҮДІК БАСЫМ

«Қиын балалар» мен ішімдікке салынған ата-ана елордада да аз емес. Астана қаласы Алматы ауданы ювеналдық полициясының мәліметіне сүйенсек, 2024 жылдың басында аудан көлемінде осындай 342 ата-ана есепте тұрған. «Кәметет жасына толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» заңның 12-бабы 1-тармағына сәйкес оқу орындары мен медициналық мекемелердің қызметкерлері мұндай жағдайлар анықталса дереу құқық қорғау органына дабыл қағуы міндетті. Өйткені енгізілген түзетулер мен толықтырулардан кейін баласы велосипедтен құлап қалса да, ата-ана дәрігерге жүгінбеуі мүмкін. Неге десеңіз, қазір баланың үстіне түскен кез келген жарақатты құқық қорғау органдары отбасында балаға қатысты зорлық-зомбылық

болды ма, болған жоқ па деп әбден тексеруі мүмкін. Міне осы жайдан сақтанатындар перзенттерінің жарақаттарын жасырып жүр.

Мамыр мерекесі қарсаңында елорда тұрғыны Саятбек Кемелжанның сегіз жасар баласы самокаттан жарақат алып, ауруханаға түскен екен. Медбикелер баланың жарақаты туралы полицияға хабарлама түсіріпті. Сосын сынып жетекшісі шақырып, ата-анасының көзінше қолданық тәртіп сақшысы жасөспірімнің үстіндегі жарақат шынында да өзі құлағаннан болды ма, әлде оған отбасында зорлық-зомбылық көрсетіле ме деген мәселені анықтаған.

Енді балабақшаға немесе мектепке бала беті көгеріп, денесі ісіп келсе, ата-анасының уәжін қарамастан ең бірінші кезекте полицияны хабардар етуі тиіс. Бұл талап бұрын «Педагогтың мәртебесі туралы» заңда бар еді. Енді оның қолданыс аясы кеңейтіліп, баланың өміріне қауіп төнуі мүмкін деген күдік болса, күзетші де, техникалық қызметкер де дабыл қағуы керек болып тұр.

«Әрине, 2009 жылы қабылданған заңға кейбір толықтырулар енгізу заман талабы шығар? Алайда қазақы ұғым мен ұлттық менталит тұрғысынан ойлап қарасақ, бұл жерде көңілге қонбайтын нәрселер де бар. Балаға дауыс көтеру отбасындағы жанжал, тұрмыстық зорлық-зомбылық деп саналатын болса, күйеуіне тиісгерге себеп таба алмай жүрген кейбір пәлекет, шайпау әйелдердің айы оңынан тумас па екен деп қауіптенемін» дейді ардагер ұстаз Ермахан Әлімқұл. Оның үстіне осы тұрғыда анонимді хабарламалар да тексерілетіні айтылып қалды.

«Ата-ана – іштен шыққан баласын өзіне Алланың берген сыйы деп түсінеді. Шығарда жаны солардың үстінде болады. Енді келіп «баланың денсаулығы мен қауіпсіздігіне, тәрбиесіне әке-шешесі жауапты» деп заңмен бекіту, оның ішіне психологиялық, тұрмыстық жайттарды тәптіштеп енгізу ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық педагогикаға, ұлттық тәрбиеге көлеңкесін түсірмес пе екен» деп күдіктенеді ардагер ұстаз.

ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ КӨБЕЙМЕК

– Заң қолданысқа енді ай жарым уақыттан кейін енеді. Дегенмен, қазірдің өзінде елдің ірі қалалары мен өңірлерінде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұрынған отбасыларын қолдау орталықтарының қызметі жанданып, жағдайды шұғыл анықтау топтары жасақтала бастады. Олардың қатарына құқық қорғау органдарының қызметкерлері, дәрігерлер, мұғалімдер, әлеуметтік қызметкерлер кірді. Басты мақсат – қиын өмірлік жағдайдағы отбасыларды табу. Олар көршілердің, мұғалімдердің, дәрігерлер мен еріктілердің, сондай-ақ журналистердің қатысуымен қоян-қолтық жұмыс жүргізетін болады. Бұл топтарды жатырқаудың қажеті жоқ. Олардың міндеті – баланы ата-анасынан айыру емес, қиын жағдайға тап болмас үшін оның алдын алу болып табылады, – дейді заңгер Юлия Овечкина.

Ендігі жерде осы топтарға кез келген адам балалардың тағдыры мен отбасындағы жай-күйі туралы ақпарат бере алады. Барлық ақпарат пен хабарламалар ескерусіз қалмайды. Ақпарат расталмаса да ол үшін ешкім кінәланбайды. Себебі, бейкүнә сәбилер зардап шеккеннен гөрі, біреу сағат артық жұмыс істеу ештеңе емес. Бұл жерде азаматтық сана өте маңызды дейді мамандар.

«Астана қаласында да қазір оңтүстік қазақстандықтардың бастамасын қолдап, «Тұрмыстық зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» жобасы жалғасуда. Бұл отбасын қолдау қызметі тобында негізінен заңгерлер, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер, теологтар жұмыс істейді.

Орталық отбасында ойран шығаратындардың кесірінен қиын жағдайға тап болған әйелдер мен балаларға ең болмағанда, алғашқы күндері кем дегенде бір бөлме беріп (екі-үш кереует қойып), қолұшын созуды ұсынады. Бұл әсіресе, дағдарыс орталықтары жоқ, қаладан 200-500 шақырым жерде орналасқан аудан орталықтары мен елді мекендерге аса қажет. Алдағы уақытта мұндай орындар барлық жерде ашылса, құба-құп болар еді» дейді тәжірибелі заңгер.

ӘКЕ БЕДЕЛІН ӘСПЕТТЕГЕН ФОРУМ

Елорданың «Үркер» тұрғын алабындағы К.Ақышев атындағы №69 мектеп-гимназияда «Әке мен бала» форумы биыл да жалғасты.

Райхан
РАХМЕТОВА

Форумның өтуіне Қорғаныс министрлігі, қалалық Білім басқармасы, Жастар саясаты мәселелері басқармасы, Астана қаласы әкімдігі жанындағы Әйелдер істері, отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясы қолдау білдіріп, іс-шараға осы мекемелер өкілдері, оқушылар мен олардың әкелері, мектеп ұжымы қатысты.

– «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» дегендей, әке – ұрпақ панасы, шыңы биік асқар тауы. Әке мен бала арасындағы мызғымас достық пен сыйластық – бүгін мен болашақты жалғайтын көпір. Сондықтан да қазіргі таңда әкелер институтын нығайту Орталық Азия елдерінде ғана емес, бұл әлемге ортақ мәселеге айналуда. Біздің ортақ міндетіміз – жеке тұлғаның бойына рухани құндылықтарды сіңіру ғана емес, басты ұлттық құндылығымыз саналатын тілімізді, дінімізді, ділімізді, тарихымызды, салт-дәстүрімізді аялап сақтауға баулу. Осы орайда, әкелер – отбасының иесі ғана емес, тәрбиенің де киесі болған тұлға. Сол себептен бүгінгі қоғам әке орнын биікке қойып, оның мәртебесін арттырып отыр, – деді аталған мектеп-гимназия директоры Жұлдыз Қуанышқызы.



Форум барысында мектептің Әкелер кеңесінің төрағасы Балжан Балқиев, Білім басқармасының кәмететке толмағандардың құқықтарын қорғау бөлімінің бас маманы Гүлсім Хасенова, Жастар саясаты мәселелері басқармасының жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің басшысы, Әйелдер істері, отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының мүшесі Айша Құрманғалиқызы, Астана қаласы бойынша «Әйелдер күштері Альянсы» ұйымы төрағасы, Астана қаласы әкімдігі жанындағы Әйелдер істері, отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының мүшесі Назгүл Сейітқожақызы, Әкелер қауымдастығының мүшесі Руслан Қонақбаев сөз сөйлеп, қоғамдағы, әр отбасындағы әкелердің рөлі, олардың беделін көтеру мәселесі туралы пікір білдірді.

– Жыл бойы біздің комиссия қалалық Білім басқармасымен бірлесіп мектептерде «Қауіпсіздік сағаты» атты ашық кездесулер өткізіп келеді. Баланың болашағын шешу оңай емес. Әр мәселені қазбалап қарасақ, түбінде ата-аналардың кінәсі жатады. Баланы дүниеге әкеліп қана қоймай, оның ересек жасқа дейінгі мінез-құлқына, біліміне, тәрбиесіне уақыт бөлмесек, болашақта тепсе темір үзетін, еліне қамқор болатын, отбасын құрып, оған жауапкершілік алатын ер азамат шығара алатынымызға күмәнім бар, соны ойлап, ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайық, – деді Н.Мақжан.

Форум барысында Қорғаныс министрлігінің №23366 әскери бөлім командирі Досым Беласаров пен «Айбын» әскери патриоттық клубы «Ерлік» сабағын көрсетті. Жиын соңы мектеп оқушыларының концерттік бағдарламасына ұласты.



– Еуразия аумағын алып жатқан ұлан-ғайыр кеңістікті жайлап жатқан ежелгі, орта ғасырлық көшпенділер тарихында шайқастар мен әскери істің орасан зор маңызы болды. Көшпелі халық айрықша соғыс жүйесін құрды, соның арқасында Ұлы даладан тысқары жатқан жауларынан ықпай, саяси-әскери үстемдігіне қол жеткізді.

Көшпелі қоғамның өзіндік шыңдалу мектебі болды. Сарбаздардың күш-жігерін жанып, жаужүрек етіп тәрбиелеуде, соғыс өнеріне баулуға жауынгерлік дәстүрлер мен дағдыларды қалыптастыратын әскерлендірілген халық спортына үлкен рөл берілді.

Әскери-этнографиялық материалдарға қарағанда, Орта Азия көшпенділерінің ең танымал әскери спорттық жарыстарының бірі найзаласу, сүңгілесу немесе «найзаласу сайысы» (бейбіт уақытта) болған. Жекпе-жектің мәні, әдетте, сарбаздың бес қаруды игерудегі ептілігін, батырлығын көрсетудің әдісі. Сондықтан әртүрлі тайпалардан немесе рулық бірлестіктерден екі-екіден найзашылар шығып, күш сынасқан. Мұндай сайыстар адамдар көп жиналатын үлкен тойларда, ауқымды астарда өткізілді. Бұл жарыстың ерекшелігі ұзын ағаш найзаларды (3 метрден 4 метрге дейін) пайдалануға рұқсат етіледі, бірақ оның үшкір темірден жасалған ұшы болмайды, доғал болып бітеді. Жекпе-жекке қатысушылар қабаттап былғарыдан, қалың мағадан, жүннен тігілген қалың киім, жұқа сауыт киеді. Жаршының арнайы белгісі бойынша екі жақтан бір-біріне қарсы шапқан батырлар жақындап келгенде астындағы жүйрігінің екпінімен қарсыласын найзасымен шаншып өтеді. Найзаның күшімен аттан құлап жер құшқаны жеңіліп, білгеі мен сайгүлігінің мықтысы жеңімпаз атанған. Жауынгерлік сайыстың бұл түрінде батырдың астындағы сәйгүліктің екпіні маңызды. Сол себепті атты ұруға тыйым салынған, қарсыласын қамшыламаған. Оны бұзғандар қатаң жазаланады. Мұндай спорттық сайыстардың соңында жауынгерлер ауыр жарақаттанып, кейде кісі өлімімен аяқталатын жағдайлар жиі болған. Найзаласу – шын мәнінде ұзын қаруды білегімен үйрген сарбазға дағдылану әрі тәжірибеден өтетін нағыз салт атты әскери дуэль.

– Көшпенділердің тағы бір танымал ат ойыны – көкпар (көк бөрі, қырғызша «көк бору»). Оның пайда болып, кең таралуын орта ғасырлардан іздеуге бола ма?

– «Көк бөрі» терминінің өзі бұл көне ойынның қасқырдың тотемдік бейнесімен байланысты екенін көрсетеді. Шамасы, ертеде ер-жауынгерлер олжасын басып озып, үйіне апаратын қасқыр сияқты болған. Уақыт өте келе жауынгердің бейнесі көкпаршыға (көк бөрі) айналды. Көкпаршылардың күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы мен ептілігін, ат үстінде мығым отыруы жеңісті жақындатады. Жаппай және дода тартыс болып екіге бөлінетін ойынның мақсаты: саны жағынан бірдей екі шабандоз командасы өз шең-

КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫНЫҢ ТАМЫРЫ ТЕРЕҢДЕ

Астана қаласында биыл 8-14 қыркүйек аралығында V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. 100-ден астам елдің 4 мыңға жуық спортшысы көшпенділер өркениетінен бүгінге жеткен батырлық сайысында күш сынамақ. Осы орайда Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Айболат КӨШКІМБАЕВТАН Алтын Орда мен одан кейінгі хандықтар кезеңіндегі көшпенділердің соғыс ісі мен жаугершілігі туралы сұрап, білген едік.



беріне (қазанға) қойылуы тиіс серке алу үшін күреседі. Додаға түскен салт аттылар арасында нағыз кескілескен қоян-қолтық жекпе-жек өтеді. Бұл ойын батылдык, күш, ептілік, шаршамау, өзара көмек көрсету және ұйымшылдық сияқты жауынгерлік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті.

Бүгінге жеткен жарыстың тағы бір түрі – «аударыспақ». Оған тек палуан денелі, аттың құлағында ойнайтын шабандоздар тәуекел еткен. Бұл жарыстың шарты – қарсыласын жалаң қолмен аттан құлату. Ерекше жеңімпаз қарсыласын құлатып қана қоймай, оны ердің алдыңғы қасынан асырып лақтырып жібереді. Мұндай

жекпе-жек өнерінде атқа және оның арнайы дайындығына өте маңызды мән берілді. Ал жас балалар тай-құлынға, басқа да үй жануарларына минуте үйрене бастаған кезінен бастаған.

Осы уақытқа дейін басқа түркі халықтарының күресімен бірқатар ұқсастықтары бар қазықтық ұлттық күресі қазақша күрес (қазақ күресі) өте танымал спорттық жарысы болып саналады. Жекпе-жекке екі палуан қатысады, олардың міндеті қарсыласының жауырынын жерге тигізіп, жер жастандыру. Жекпе-жектің бұл түрінде ептілікке, күш пен шеберлікке байланысты әртүрлі әдістер қолданылады.

Көшпелі өмірдегі жылқының

ерекше рөлі аламан бәйге, алыс қашықтыққа ат жарысы, бұл жорықтағы жауынгер аттарды төзімділік пен күш-қуатқа сынау да, жаттықтыру да болды. Аттың құлағында ойнайтын өрендер үшін тағы бір ептілігін сынайтын ойын – теңге ілу, яғни жерден теңге теру – қазақтар арасында кеңінен танымал ойын. Бұл ойынның ережесі бойынша тиындар немесе күміс құймалар белгілі бір аумаққа шашылған. Бастапқы сызықта тұрған ойыншылар дабыл қаққанда шапқан күйінде тақымын босатпай, ат үстінен еңкейіп барынша көп тиын алуы керек. Жеңіс ең көп тиын жинағанға берілді. Осылайша, үздіксіз әсерлі жарыстар, жеке жекпе-жектер болашақ



Астана қаласының ең үздік спорт алаңдарында 20 жарыстық және 10 көрнекі спорт түрінен жарыстар өткізіледі. Олардың қатарында ат жарысы, ұлттық күрес түрлері, дәстүрлі зияткерлік ойындар, жекпе-жекпен жарыстар, дәстүрлі садақ ату, құс салудың ұлттық түрлері, ат үстіндегі сайыстар, халық ойындары, сондай-ақ этникалық спорт түрлерінен көрсетілім қойылымдары бар

өткір жиекті болып келеді. Салт аттылар садағын кезеңіп нысанды бетке алып шабады да, бағананың түбіне жете бере, аттың басын тежеместен кері бұрылып, жамбыны көздеп атады. Кімнің жембесі жамбы байланған арқанды қиып түссе, сол жүлдені алады» дейді.

– «XVII-XVIII ғасырлардағы қазақтардың әскер ісі» еңбегіңізде барымтаның да бастапқы негізінде аңшылық өнер жатыр деп айттыңыз. Спорттың бұл түрі қазіргі заманда назардан тыс қалып қойған ба?

– Орталық Азияның көне және орта ғасырлық көшпелі қоғамдарының өмірінде екі негізгі мәселені шешу үшін жаппай аң аулау жүргізілді. Бұл біріншіден, жабайы аңдар мен құстарды аулау арқылы азығын қамдап алудың тиімді жолы. Екіншіден, барынша көп адам қатысатын қауымдық аңшылық арнайы әскери институт сияқты қалыптасты. Мұнда саятшылар садақ ату және жылжып бара жатқан нысанға найза шаншудан қатар әскери бөлімдердің ұрыс жүргізуінің тактикалық тәсілдерін жүзеге асыру да қарастырылды.


Мысалы, Ата Мәлік Жувайни өзінің «Өлемді жаулаушының тарихы» атты еңбегінде «ол (Шыңғыс хан) үлкен мән берген [А.К.] аңшылыққа арнап, жабайы аңдарды аулаудың әскери басшыларға жарасатынын айтқан. Ал оны үйрету жауынгерлер мен жауынгерлердің міндеті делінген. Яғни, адам санына қарай олар саятшылардың жемтігін қалай қуатынын, қалай тұзаққа түсіріп, қалай сапқа тұрып, олжаны қалай қоршайтынын білуі керек. Моңғолдар аң аулауға жиналғанда алдымен аңның түрі мен санын білу үшін шолушы жібереді.

Ал, олар әскери іспен айналыспаған кезде үнемі аңшылықта болып, өз жауынгерлерін жаттықтырып, тек олжа үшін ғана емес, олардың аң аулауға дағдыланып, садақ атуға машықтанып, қиыншылықтарға төтеп беретін төзімділігін шыңдау үшін де маңызды еді.

Хан үлкен аңшылық өткізген сайын (бұл қыстың басында болады) жарлық шығарады. Яғни қол астындағы және Ордаға көршілес жатқан әскері аң аулауға дайындалып, әрбір ондықтан бұйрыққа сәйкес аңшылық өтетін орынға лайық керек-жарағын сайлап, басқа да жорықтың қажеттіліктерін қамдайды». Сондықтан да Шыңғыс хан мен оның мұрагерлері дәуірінде әскери іс пен аңшылық ер-азамат үшін ең беделді әрі лайықты кәсіп саналған.

Парсы тіліндегі еңбектерде Қазақстанның шексіз даласына жорықтарында жасақтардың ұдайы аң аулау жұмыстарын жүргізгені туралы мәліметтерді жиі кездестіруге болады. Бұхара ханы Абдаллахтың жауынгерлері Орталық Қазақстанда орналасқан Ұлытау тауларына жетіп, азық-түлік қорын толықтыру үшін екі рет аңдарды айналдыра қуып тұзаққа түсіретін аңшылыққа шықты. Қазақтарда қауымдасып аң аулау дәстүрі XIX ғасырға дейін сақталды.

Көшпенділер үшін далалық тіршілігіне барынша жақын, мұндай аңшылық, бірнеше негізгі функцияларды атқарды. Атап өтсек, азық-түлікпен қамтамасыз ету, жауынгерлік қаруды қолдануды үйрету, әскери техника мен дағдыларды меңгеру, рухани және физикалық (демалу, ойын-сауық). Көшпелі империяларда қауымдасып аң аулау ең маңызды ұлттық оқиға болды, оған ақсүйектер мен қолбасшылармен қатар қарапайым сарбаздар да қатысуы керек болатын.



1. Темір мен Алтын Орданың салт атты сайлауыт сарбазы. XIV ғасырдың соңы. 2. Тимурид жасағы. XV ғ. 3. Өзбек, Қазақ, Сібір және Ноғай хандығының сайлауыт сарбазы. XV-XVI ғ.ғ.

ТАРАПТАР ТАТУЛАСУЫ ШЕКТЕЛДІ

Тұрмыстағы зорлық-зомбылық – өзекті әлеуметтік мәселе. Оған Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің «Жеке бастың құқығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық» бабы бойынша жаза қарастырылған.



Бүгінгі таңда отбасы-тұрмыс қатынасындағы заңсыз әрекеттер елордада тыйылмай келеді. Статистика мәліметіне сенсек, бас қалада Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты былтыр тұрмыстағы зорлыққа қатысты 482 іс қарап, 37 әкімшілік іс тараптардың өзара бітімгершілікке келуіне байланысты медиация тәртібімен қысқарған. 254 адамға ескерту берілсе, 217 азамат қамауға алынып, 4-еуі айыппұл арқалады. 2024 жылдың 4 айында ғана осы бағытта 103 іс қаралып, 43 әкімшілік іс тараптардың өзара бітімгершілікке келуіне байланысты қысқарды. 65 адамға ескерту берілсе, 32-сі қамауға алынып, 15-іне айыппұл салынды.

2023 жылдан бастап ӘҚБТК-нің 73-бабы бойынша құқық бұзушыға ескерту жасалды немесе 5 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алынады. Сондай-ақ 73-баптың 2-тармағы ұрып-соғу

1-1-бөлігімен, яғни құқық бұзушымен отбасы-тұрмыс қатынасындағы орын алған жағдайға ескерту жасау немесе 10 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу бөлігімен толықты. Бұл жерде ерлі-зайыпты арасында жанжал туындап, бір-біріне қол көтерсе, ол әкімшілік теріс қылық ретінде бағаланып, сот кінәлі тарапқа жаза тағайындаған кезде, шаңырақты шайқалтпай, отбасын сақтап қалу және татуластыру мақсатын көздейді. Өйткені шешім шығару алдында сот жәбірленушінің жазаға қатысты өтінішін де ескереді. Сот тәжірибесі көрсеткендей, елордада бұл бабы бойынша қаралған істерде жәбірленуші тек әйелдер бола бермейді, ер-азаматтар да дене жарақатын алып, әйелінің немесе басқа да жанұя мүшелерінің үстінен арыздататын кез аз емес.

Қазір Мемлекет басшысы отбасы-тұрмыс қатынасы аясындағы құқық бұзушылықтан туындап отырған мәселелерге баса назар аударып отыр. Сондықтан жауапкершілікті

күшейтуді тапсырды. Енді тұрмыстағы құқық бұзушылықты тіркеу арыздану сипатынан құқық бұзушылықты анықтап ашу сипатына өтті. ӘҚБТК-нің 64-бабына енгізілген өзгерістер жәбірленушілердің шағымынсыз әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға мүмкіндік береді. Егер бұрын жәбірленушіден арыз талап етілсе, енді тұрмыстағы зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша уәкілетті орган істі тікелей қозғай алады. Соңғы шешімді сот қабылдайды. Сонымен қатар тараптардың татуласуы мүмкіндігі шектелді. Енді тек бір-ақ рет татуласу мүмкін болады. Осы кодекстің бұрынғы талабына сай отбасы-тұрмыс қатынасында орын алған құқық бұзушылық жәбірленушінің арызы бойынша ғана қозғалып, тіпті бірнеше қайтара теріс қылық танытып, құқық бұзушылық жасаған тұста да отбасы мүшелері татуласқаннан кейін іс тоқтайтын. Ал жаңа 64-бапта бұл талаптар өзгеріп, 1-1-бөлікпен, яғни

осы кодекстің 73, 73-1 немесе 73-2-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтарды алғаш рет жасаған адамдар, егер олар жәбірленушілермен, өтініш берушілермен татуласса, соның ішінде медиация жолымен татуласып, келген залалды өтесе, сот оларды әкімшілік жауапкершіліктен босата алады. Бұл – құқық бұзған адам тек бір мәрте ғана татуласу мүмкіндігіне ие деген сөз. Егер әрекетті қайталап жасаса, жәбірленушімен татуласса да, жауапкершіліктен босатылмайды. Отбасы-тұрмыс қатынасында құқық бұзушылық жасағандардың жазалау шарасы қатаңдап, әкімшілік қамаққа алудың нақты мерзімі белгіленді. Сондай-ақ қайталап жасалған құқық бұзушылық үшін әкімшілік қамаққа алу мерзімі 25 тәулікке дейін ұзарды.

Ләйла МҰЗДЫБАЕВА,
Астана қаласы азаматтық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

Жақында елорда прокуратурасы қызметкерлерінің тексеру қорытындысы бойынша қала мектептерінің бірінде бюджет қаражатын жымқыру фактісі анықталды.

КІНӘЛІЛЕР ЖАЗАЛАНДЫ


Өздерінің жеке мүдделерін ойлаған есепшілер жеті жыл бойы штатта жоқ адамдарға заңсыз, астыртын жалақы мен сыйақы аударып келген.

Осы тұрғыда мемлекетке келтірілген шығын көлемі 130 миллион теңгеден асады. Тергеу барысында

мектеп қызметкерлері өз кінәларын толық мойындады.

Сот үкімімен кінәлілер 7 жылға бас бостандығынан айыру жазасына кесілді.

Мемлекет пайдасына келтірілген материалдық шығын сотталғандар есебінен өндірілді.



Шетелдік компания өкілінен қомақты сомда ақша бопсалаған алаяқ он жылға темір торға тоғытылды.

Өзін мемлекеттік ведомствоның штаттан тыс қызметкері ретінде көрсете отырып, ол шетелдік компания директорынан 180 миллионнан аса АҚШ долларын талап еткен. Әрі инвестициялау шартын жалған жасасу мақсатында аталған қаражатты иемденіп алуға тырысқан.

Мемлекеттік айыптаушы-прокурор сотталған адамның

кінәсін толық дәлелдеді. Оған алаяқтыққа оқталу және жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамды аса ірі мөлшерде пара беруге айдап салу кінәсі тағылып, жаза кесілді.

Үкім заңды күшіне енді.

Аян АБДЫНАСЫРОВ,
Астана қаласы прокуратурасының басқарма прокуроры

МАС ЖҮРГІЗУШІ – ҚЫЛМЫСКЕР

Мамыр мерекесі кезінде елордада алкоголь ішімдігін ішіп, көлік жүргізген 187 адам ұсталыпты. Бір аптаға созылған жанға жайлы демалыс уақытында жүз грамды жұтып алып, рөлге отырғандар саны бұдан да көп болуы мүмкін. Өйткені қанша шара қолданса да, үгіт-насихат жұмысын жүргізсе де, қалада алдына келіп тұрған әзәзілден бас тарта алмай қалатын жүргізушілер қатары азаймай тұр.

**Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ**

Бас қаладағы адамның мас-тық күйін айқындау медициналық орталығының дәрігері Ермек Әлпейісовтің айтуынша, ағзаға түскен 200 грамм алкогольдің тарауы үшін кем дегенде 4-5 сағат уақыт керек екен. Оның үстіне ағзадағы этанол әйелдерге қарағанда ер адамдарда ұятын екі есе жай жояды. Тағы бір ескеретін жай, әр адамның болмысы әртүрлі. Сондықтан кей жағдайда жүргізушілер 100, 150 грамм араққа масайып қалуы да мүмкін. Өкінішке қарай, қалада ішімдік ішіп, көлік жүргізетін әйелдер де кездеседі.

– Мен сізге бір мәлімет айттайын, салмағы 60-70 келі тартатын адам екі бокал шарап ішсе, уыты 3,5 сағатқа дейін, 100 грамм коньяк немесе виски ішсе 5-6 сағатқа дейін тарқамасуы әбден мүмкін. Кейбіреулер шөл қандыру үшін «жеңіл ғой» деп бір-екі тостаған сыра жұтатыны бар. Көлік тізгіндегі адамға бұл да қауіпті. Өйткені сыра адам ағзасынан 5 сағатқа дейін

тарқамайды. Қазір елімізде көлікті мас болып айдағаны үшін әкімшілікпен қоса қылмыстық жаза да қарастырылған. Мас жүргізуші 20 тәулікке дейін қамауға алынып, көлік жүргізу құқығынан 7 жылға айырылады. Алайда көңіл көтергіш көлік иелерін ол да тоқтата алмай отыр, – дейді дәрігер.


Тоқтау былай тұрсын, осы талапқа мойынұсынбай, қарсылық танытушылардың қарасы да көрініп қалып жатыр. Жыл басынан бері бір топ азамат заңдағы осы талаптарды жұмсартуды сұрап, Қазақстан Парламентіне бірнеше рет хат жолдаған. Осыған байланысты сәуір айында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеха қазіргі ішімдік ішетін жүргізушілерге қарсы қолданып отырған іс-шаралардың заң баптарына толық сай әрі ол бүгінгі таңда аса қажет екенін айтып, бұл төңіректе енді әңгіме қозғамауды сұрады. 20 тәулікке қамап, 7 жыл немесе өмір бойы жүргізуші куәлігінен айырып жатса да, арақ ішіп жол-көлік оқиғасына ұрына-тындар саны азаймай келеді.

Жыл сайын еліміздің жолдарында осындай мас жүргізушілердің кінәсінен 500 жол-көлік оқиғасы орын алып, қаншама адам қаза табады, қаншама адам жарақат алып, мүгедек болып қалып жатыр... Тек жыл басынан бері ғана Астана қаласында мас болып көлік жүргізген 45 жүргізуші сотталды. Олардың көбі – бұрын арақ ішкені үшін жүргізуші куәлігінен айырылса да, қайтадан ішімдік ішіп рөлге отырғандар.

Елордада жақында бұрын көлік жүргізу құқығынан айырылған бір азамат қайтадан мас күйінде машина айдап, көше қиылысында жаяу жүргіншіні қағып кетті. Ол сот шешімімен 5 жылға сотталып, жүргізуші куәлігінен өмір бойына айырылды.

40 жыл жүргізуші болған елорда тұрғыны Қажыгерей Сәрсенбай қазір жүргізушіге арақ ішпек түгілі, ішімдік ішкен мас жолшығын машинаға отырысуға болмайтынын айтады.

«2020 жылдан бастап алкоголь ішкенін сараптамадан өткізу бойынша бұрын ережеде бар шектік алкоголь промили



деген түсінік алынып тасталды. Ендігі жерде наркологиялық сараптамаға жіберілген кезде алкотестердегі нөлдік көрсеткіш те жүргізуші куәлігінен айыруға себепші болады. Мәселен, оған сол сәтте арақ-шарап ішкен адаммен қатар отыруыңыз, жақын қашықтықта сөйлесуіңіз де әсер етуі әбден мүмкін. Бұл, әрине, маскүнемдікпен күрес үшін жақсы болғанмен, кейбір адамдар өзінің ішпегенін дәлелдеу үшін қан тапсырып, уақытын жоғатып жататыны қиын.

Жақында Есіл ауданының полицейлері Volkswagen автокөлігін тоқтатқанда, егде тартқан ер

адамның аузынан алкогольдің аңқып тұрғанын байқайды. Ол медициналық куәландырудың қорытындысына сәйкес мас екені анықталды. Іс сотқа жетіп, онда сот қаулысымен көлік жүргізушісі 7 жыл мерзімге көлік басқару құқығынан айырылып, 15 тәулікке әкімшілік қамауға алынды. Міне, осындай жағдай қалада рейд өткізген кезде жиі анықталып отыратын көрінеді. Мұндай адамдарға жазаны аямай қолдану керек. Айыппұлды да аямай салу керек. Сонда ғана тыйылады. Тәртіп бөріне ортақ. Бізде көбіне құқық бұзушылық пен жазатайым оқиғаның дені алкогольдік ішімдіктің салда-

рынан болып жатады. Алкогольдік ішімдік адам өміріне де, қоғамға да зиян. Сондықтан оған қарсы бітіспес майдан ашу дұрыс болды. Көлік тізгінін қолыңызға аларда сыра түгілі, қымыз да, қымыран да ішуге болмайтынын жүргізушілер терең түсінсе дейміз. Әйтпесе біреулердің «бір тостаған сыра ішіп едім, қайтер дейсің?!» дейтін психологиясы үлкен зардаптарға әкелуі мүмкін. Сондықтан мұндай жағдайда баратын жеріңізге такси шақыртып не болмаса қоғамдық көлікпен жетіп алғаныңыз абзал» деген ардагер жүргізушінің пікірімен толық келісуге болады.

№59 (4647) 18/05/2024 Сенбі

Сәкен Сейфуллиннің 1932 жылы дүниеге келген тұңғышы Лаура, жұбайы Гүлбаһрам Мәскеуде оқып жүргенде, өкпесінен суық тиіп қайтыс болады. Ал 1936 жылы ұлы Аян дүниеге келеді. Аяның 1 жасқа толу күніне Сәкен мен Гүлбаһрам қатты дайындалады. Сәкен мен Гүлбаһрам қуаныштан қатты толқып, қонақтарды жақсылап күтіп алу үшін базардан барып арнайы ақ дастархан сатып алады. Осы ақ дастархан сол жолы жайылмады. Сол күні отбасы қуанышын бөлісуге қадірлі достары, жақын-жуықтар келеді деп елегізіп жүрген Сәкенді НКВД адамдары тұтқынға алған.

Кейін өзі де «халық жауының» әйелі болып қуғынға ұшыраса да, Гүлбаһрам апай Сәкеннің жеке заттарын ақ дастарханның ішіне салып беліне орап, тіміскілеушілердің көзінен аман алып қалған. Осы дастархан жайында Ұлы Отан соғысының ардагері, филология ғылымының кандидаты Балтабай Адамбаевтың Гүлбаһрам Сейфуллинаның үйіне амандасуға Сүйіндік Сапақовты («Тар жол, тайғақ кешу» романында айтылатын С.Сейфуллиннің серігі) ертіп барғандағы естелігінде былай дейді: «Есікті Гүлбаһрамның өзі ашты. Сәкенмен 18 жасынан жолдас болып, 28 жасында қалған Гүлбаһрам жеңгейдің бетін әжім, шашын қылаң шалған, қаны тасып жүрегі ауруға шалдыққан... Осы кезде «шай дайын» деп бөлмеге Қарлығаш деген қыз бала кірді.

– Тұра тұр, қалқам, Сәкеннің жолдасы мен інісіне Аяның ақ дастарханымен шай берейін, – деді жеңгей, бұрыштағы жағыланды ашып, үстелге үлкен ақ торғын дастархан әкеліп жайды. Шай құя отырып дастарханның тарихын әңгімеледі.

«Мен Сәкеннен бір ұл, бір қыз тудым. Қызымның аты – Лаура (Сәкен еркелетіп Дардана деп те атайтын), 1932 жылы Мәскеуде рабфакта оқып жүргенде жасы екіге толмай қайтыс болды. Сәкен өте балажан еді, Лаураның өліміне қатты қайғырды. Одан кейін 1936 жылы еркек бала тудым. Сәкен оған да қатты қуанды және Мирзоянға ұқсас болсын деп (ұмытпасам, Мұхтардың (Әуезов) ұсынысы бойынша) атын «Аян» қойды. Аян бір жасқа толарда той жасауға әзірлендік. Тойға Қазақстанның басшылары Мирзоян, Сәдуақасов, Сегізбаев және басқа адамдар шақырылды, олар келетін болды. Аяның тойына арнап алдын ала бірсыпыра жаңа зат сатып алдық. Солардың ішінде төртгі үстелге жаюға қол орамалымен осы ақ дастархан алынған еді. Аян 1936 жылы 16 қараша күні туған. Той болмай, жаңа дастархан жазылмай қалды. Тек 1957 жылы Сәкеннің достары Сәбит Мұқанов, Есмағамбет Ысмайлов, Мұхамеджан Қаратаевты үйге шақырып, ақ дастарханды бірінші рет шешіп дәм бердім» дейді. Яғни С.Сейфуллин ардақты есімі ақталғаннан кейін, халқына адалдығы дәлелденгеннен кейін, ақ дастархан алғаш жайылды. Құдды бір ақынның актығының дәлелі ретінде.

Ақынның адал жары Гүлбаһрамның арқасында бүгінде Сәкен мұражайында оның көзі



СӘКЕН МҰРАСЫН САҚТАҒАН

Бүгін, 18 мамыр – Халықаралық музейлер күні. Осы атаулы күнге орай С.Сейфуллин музейіндегі құнды жәдігерлер туралы мақаланы ұсынып отырмыз. Мұражай Есідің оң жағалауында, қазіргі Астана қаласының көне қапталында С.Сейфуллин мен М.Әуезов көшелерінің қиылысында, ағаштан салынған ескі үйде орын тепкен.



тірісінде қолданған, әр кезеңіне қатысты жәдігерлер жинақталып, мұражай тәртіпінде тұр. Адал жар Сәкен ақталғанға дейін аман-есен оралар деген үмітін үзбей, біраз затты көзінің қарашығындай сақтайды. 1973 жылы Гүлбаһрам дүниеден өткенде, Сәкен Сейфуллиннің заттары Алматы мұражайына өткізілген. Соның ішінде Сәкен Сейфуллиннің алтын сағаты да бар. С.Сейфуллиннің әдеби және қоғамдық қызметіне 20 жыл толуына байланысты 1936 жылы кеңінен аталып өтіп, өкімет сыйға тартқан сағат. Жұбайы Гүлбаһрам Сейфуллинаның қолында сақталып, 1960 жылдары Целиноград қаласындағы тарихи-өлкетану музейіне тапсырылған. 1988 жылдан бері музей жәдігерлерінің қатарын толтырып тұр.

1998 жылы салынған «Бақыт»



атты картина Сәкеннің жары Гүлбаһрам Сейфуллинаның өсіетімен салынған. Авторы Әмен Әбжанұлы Қайдаров – С.Сейфуллин білім алуына септігін жасаған суретші, анимациялық кино режиссері, қазақ мультипликация өнерінің негізін қалаушы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (картина С.Сейфуллин музейінің экспозициясында).

Ақынның алтын қалта сағаты Швейцарияның «H.Moser» фирмасында шамамен 1870-1880 жылдардың сәнінде жасалған. Көлемді, жоғарғы пробалы алтын 18 карат /750 проба/ салмағы 100 грамм, диаметрі 45 мм, жалпы көлемді, үш қақпақтан тұрады. Сыртқы қақпақта Сәкен Сейфуллин есімі жазылған, ішкі қақпақта «H.Moser&Cie», «Echappemente anche», «Rerres», «Qualitelepaine» фирмасы деген жазу бар.

С.Сейфуллиннің майлы бояумен салынған портретін ерекше бөліп айтуға болады. Бұл портрет кейіннен Астанадағы музейіне тапсырылды. Бірақ сол жылдары Гүлбаһрам апай салдырған портреттің авторы белгісіз. Соңғы жылдары музей қызметкерлері Орталық музейдің әкімшілігімен келісімге келіп, ақын тұтыңған мемориалдық заттарының кейбіреулерін алуға қол жеткізді.

Сәкеннің 1920-1930 жылдар аралығында қолданған сақталып қалған зат бар, ол – С.Сейфуллиннің баспа машинасы. 1936 жылы кеңінен аталып өткен С.Сейфуллиннің әдеби және қоғамдық қызметіне 20 жыл толуына байланысты мемлекет сыйға тартқан «Ундервуд» маркалы баспа машинасы. Деректер бойынша 1903 жылы Нью-Йорк қаласында жасалған.

1937 жылы Сәкен «халық

жауы» боп тұтқындалғанда, жәдігерді кіші інісі Мәжит Сейфуллиннің жергөлесінде жасырын сақтаған екен. Музейге 1994 жылы Сәкеннің туғанына 100 жыл толуына байланысты тапсырылды. Материалы – темір, ағаш, қара, сары және жасыл түспен боялған. Уақыт өте келе машина аяқтары бұзылып, бірнеше жерінде бояу кетіп, тот басқан. Машина жұмыс істейді, 48 дана баспа тақталары бар.

Ақын пайдаланған ыдыс-аяқтар, қабырға сағаты, кілемше-төсеніштер, киім ілгіш, кәдесыйлар кейін мұражайға табысталып, келушілеріне үлкен әсер етіп, қимастық сезім ұялатады.

Сәкеннің костюмі 1930 жылдары Мәскеуден сатып алынған екен. Ақынның көптеген суреті – осының айғағы. Репрессия кезінде костюм туысқандарының қолында сақталған. Сәкеннің костюмі сол заманның ағылшын сәнінде, ұсақ жолақты қара қоңыр матадан, ішкі астары



1973 жылы Гүлбаһрам дүниеден өткенде, Сәкен Сейфуллиннің заттары Алматы мұражайына өткізілген. Соның ішінде Сәкен Сейфуллиннің алтын сағаты да бар. С.Сейфуллиннің әдеби және қоғамдық қызметіне 20 жыл толуына байланысты 1936 жылы кеңінен аталып өтіп, өкімет сыйға тартқан сағат

эмальмен боялған. Қылқалам қарапайым оқушылық. Ұзындығы – 145 мм.

Сия сауыт 1916-1917 жылға жатады. Тікбұрышты тұғырмен мрамордан жасалған, екі сия құятын сауыты бар. Сауыты жуан гранненнен әйнектен, қақпағы сары металдан жасалған. Жәдігер мұражайда «Әдеби қызметі» залында орналасқан.

Сәкен мұраларын жинауға оның туған-туыстары да көп еңбек сіңірген. Мәселен, інісі Мәжит Сейфуллиннің отбасында сақталып қалған зат бар, ол – С.Сейфуллиннің баспа машинасы. 1936 жылы кеңінен аталып өткен С.Сейфуллиннің әдеби және қоғамдық қызметіне 20 жыл толуына байланысты мемлекет сыйға тартқан «Ундервуд» маркалы баспа машинасы. Деректер бойынша 1903 жылы Нью-Йорк қаласында жасалған. 1937 жылы Сәкен «халық

қоңыр түсті саржадан тігілген. Пиджак екі жағынан түймеленетін, жанқалтасы бар, біреуі кеуде қалта. Шалбарының балағы қайырылған, кең, жаны арнайы екі қысқа белбеумен әшекейленген. Ақынның жары Гүлбаһрам «халық жауының» әйелі «ретінде қудалауда болып, 1950 жылдары босатылғаннан кейін Сәкеннің көптеген жеке заты жарына тапсырылған. Замандастарының айтуынша, Сәкен тек еуропалық стильдегі киімдерді ұнататын, талғамы жоғары. 1934 жылы өзбек ақындарының Сәкенге 40 жасқа толғанда сыйға тартқан шапаны мен тақиясы. Жақындарының естеліктерінде Сәкен бұл киімді үйде өзінің туындыларын жазғанда кигенді ұнатқан екен. Естелік суреттерінде ақынның Мәскеуде кеңес жазушыларының І-съезі өткенде делегаттардың арасында түскен фотосуреттері бар. Бұл бейнесін 1964 жылы Сәкен жайлы түсірілген деректі бейнефильмнен көреміз.

Шапан мен тақия өзбек шеберлерінің қол туындысы шапан жолақтары бар таза мақта матадан тігілген. Жолақтар жасыл, сұр және қою көк түстерден тұрады. Зерттеу кезінде бірнеше жері тозған. Тақия түркі тілінен аударғанда «жоғарғы» деген мағына береді.

Тақиясы – түрлі түсті жібек жіппен тігілген қол жұмысы. Ол дәстүрлі түрде төртбұрышты, конус бейнесінде жасалған. Астары қара сәттеннен тігілген. Осы жәдігерлердің барлығы Сәкен жүрген Ақмола, қазіргі Астана төріндегі музейдің құнды жәдігерлеріне айналды.

Гүлназия БОЛАТ,
Астана қаласындағы
С.Сейфуллин музейінің
қызметкері

«АРДАГЕРЛЕР КӨКТЕМІ» ФЕСТИВАЛІ



Астанада Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында ұрпақтастар сабақтастығын көрсететін маңызды іс-шара өтті. Онда елорданың барлық 5 ауданынан еңбек ардагерлері, зейнеткерлер, балалар ұжымдары өнер көрсетті.

«Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аясында Астана қаласы Ардагерлер кеңесі және Астана қаласы әкімдігіне қарасты «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының» ұйымдастыруымен «Ардагерлер көктемi» атты көктем фестивалінде «Contrast» би театры «Шашу» биімен сахнаның шымылдығын ашты. Есіл аудандық «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» жанынан

құрылған «Асыл мұра» домбыра ансамблі Құрманғазының күйі «Балбырауын» мен Әбдімомын Жолдыбаевтың «Ерке сұлқым» күйін күмбірлетті.

Алматы аудандық Ермек Тұрлыбаев басқаратын халықтық «Елорда» ардагерлер хоры «Туған ел» әнін, «Арка әуендері» ансамблі халық әні «Екі жирен» мен «Қызыл көйлек» әнін шырқады. Есіл аудандық халықтық

«Есіл толқындары» ардагерлер ансамблі «Елім-ай», «Бөпем-ай» халық әндерін, композитор Илья Жақановтың «Еділ мен Жайық» әнін нақышына келтіре орындады. Сахнада «Ана» бейнесін Қазақстанның Өнер және мәдениет саласының үздігі Қарлығаш Құспанова сомдады.

Сарыарқа аудандық «Ветеран» қалалық өнер хоры «Погода разгулялась» орыс халық

әні мен «Спасибо деду за победу» әнін орындаған кезде №27 орта мектебінің «Шаңырақ» би ұжымы өнер көрсетті.

Концертмейстер Жабай Қалиев пен Темреш Кереев дуэті орындаған «Полонез Огинского» әні, Ерғали Зәкәрияновтың жетекшілігіндегі «Бәйтерек» ансамблінің хоры орындаған «Алма бағында», «Бейбітшілік сақталады» атты әндері көрерменнің ерекше қошеметіне ие болды.

Сарыарқа аудандық «Сарыарқа» ардагерлер ұйымы жанынан құрылған «Сағыныш сазы» ұлттық вокалдық ансамблі «Шығыстың қос жұлдызы», Ескендір Хасанғалиевтің «Айналым елім» әндерін тамылжыта орындады.

Есіл аудандық «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» жанынан құрылған «Қазына» салт-дәстүрлерді дәріптеу ұжымы «Бозторғайым» әнін орындаса, Сарыарқа аудандық Ұлттық этно-мәдени «Әжелер шаңырақ» ансамблі, концертмейстер Жабай Қалиев және «Қамажай» би тобы «Катюша, Смуглянка, Ах, самара, городок» атты әскери әндер папуриин орындағанда ардагерлер де, жастар да орындарынан тұрып биледі. Кеш «Атамекен» әнімен қорытындыланды.

ЖАСТАРДЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК ЖАРЫСЫ

Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында «WorldSkills Astana-2024» елордалық жастар кәсіби шеберлік чемпионаты өтіп жатыр.



Салтанатты бөлімді елорданың Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазиев ашты. Ол қатысушыларды құттықтап, жеңіс тіледі.

Құттықтау сөзінен кейін еріктілер чемпионатты бастау батырмасын алып шықты. Оны басудың құрметті құқығы 2023 жылғы өңірлік чемпионаттың жеңімпаздары – елордалық қоғамдық тамақтану және сервис колледжінің «Аспаз ісі» бойынша ұлттық чемпионаттың жүлдегері Александра Колпакова және Astana Polytechnic жоғары колледжінің «Желілік және жүйелік өкімшілендіру» бойынша күміс жүлдегері Данил Лапенкоға берілді.

Сондай-ақ, Астана қаласы Білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Ақмарал Хон құттықтау сөзінде биылғы чемпионатқа колледждердің 280 студентінен бөлек мектеп оқушылары да бақ сынағанын, олар Jasskills қозғалысына қатысатынын атап өтті.

«Жарысты 200-ден астам сарапшы бағалайды. Сонымен қатар, WorldSkills Astana 2024 қалалық чемпионаты аясында Deafskills есту қабілеті бұзылған балалар арасында Abilitypric мүмкіндігі шектеулі оқушылар үшін кәсіби шеберлік конкурстары өтеді. 16-28 мамыр аралығында елордалық колледж-

дердің 15 алаңында көшбасшылар анықталады. 29 мамырда чемпионаттың жабылуын өткіземіз, онда жеңімпаздарға жүлделер, грамоталар, дипломдар табысталады. Содан кейін күзде өтетін республикалық чемпионатқа дайындық басталады» деді Ақмарал Хон.

VIII WorldSkills Kazakhstan 2023 республикалық чемпионатының алтын жүлдегері Александра Колпакова бұл чемпионаттың өз өміріне қаншалықты өзгеріс енгізгенін айтып берді.

«Чемпионат маған баға жетпес тәжірибе, жаңа таныстар, білім және керемет эмоциялар сыйлады. Бәсекелестерім мықты болды. Өзім үшін көптеген дәріс өткіздім, кемшіліктерім мен артықшылықтарымды түсіндім, әлсіз және күшті жақтарымды есептедім. Маған сенген және керемет нәтижеге қол жеткізуге көмектескендердің барлығына алғыс айтқым келеді» деп бөлісті Александра Колпакова.

Ал Astana Polytechnic жоғары колледжінің үшінші курс студенті Әмірхан Жүсіпбеков «мехатроника» бойынша қатысып жатыр. Өткен жылы ол командамен бірге екінші орынға ие болған. Әмірхан биыл жеңіске жетуді жоспарлап, бағдарламашы болуды армандайды.

«Мехатроника – бұл ақылды және автоматтандырылған жүйелерді құру үшін инженер-

рияның түрлерін біріктіретін сала. Әдетте, ол адамның көмегісіз қозғалатын, қоршаған ортаға жауап беретін және әртүрлі талсырмаларды орындай алатын заттарды жасау үшін қолданылады. Бұл, мысалы, өндірісте-

гі роботтар, автомобильдердегі автоматты басқару жүйелері немесе тіпті үйдегі ақылды термостат немесе робот шаңсорғыш сияқты ақылды құрылғылар болуы мүмкін» деді Әмірхан.

WorldSkills – қауымдастықтың құрамына кіретін әлемнің 80-нен астам елінде таралған халықаралық қозғалыс. Оның негізгі мақсаты – жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыру және насихаттау.

2014 жылы Қазақстан WorldSkills қозғалысына қатысқан 70-ел болды. 2015 жылы жұмысшы мамандықтары бойынша бірінші қалалық чемпионатқа 5 қазырет бойынша 6 студент қатысты, биыл 48 қазырет бойынша 292 қатысушы өтінім берді.

Өткен жылы өткізілген республикалық чемпионаттың қорытындысы бойынша астаналықтар екі алтын, төрт күміс, екі қола жеңіп алып, 18 жүделі орынға ие болды.

Астана қаласындағы 102 білім беру ұйымдарында «Таза Қазақстан» республикалық акциясы шеңберінде «Вейпсіз Жастар» денсаулық шеруі бір мезгілде өткізілді. Бұл әлеуметтік жобаны Қазақстанның балалар қоры ұйымдастырды. Акция 21 жасқа дейінгі жастар арасында вейп қолданумен күресуге бағытталған.

ВЕЙП ҚОЛДАНУҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ



Оқушыларды салауатты өмір салтына ынталандыру, дене шынықтыруға және спортқа қызығушылықты дәріптеу және жағымды эмоциялық пікірлерді тәрбиелеу мақсатында Денсаулық шеруі аясында бүгінде спорттық тұғырда белгілі бір жетістіктерге қол жеткізген жас спортшылар марапатталды. Биыл мектеп қабырғасынан шығатын

спортшы-түлектерге ерекше ықылас көрсетілді.

Денсаулық шеруі «Дені сау ұрпақ – ертеңгі елдің болашағы» флеш-жатығуымен аяқталды, оған 23 мыңнан астам адам қатысты. Бұл іс-шара болашақ ұрпақ үшін салауатты өмір салтын ұстану мен жер шарының тазалығына жауапкершілікпен қарау үрдісі маңызды екендігін танытты.



МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ТЕКСЕРУЛЕРІ

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мәселелері прокуратура органдарының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдардың тексерулері міндетті түрде ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарында тіркеледі. Жаһандық цифрландыру дәуірінде мемлекеттік аппарат жүйесіне ақпараттық технологияларды енгізу оның табысты жұмыс істеуінің шарты болып табылады. Біздің еліміз сондай-ақ әлемдік «трендтерден» қаламауға тырысады және мемлекеттік органдардың қызметіне ақпараттық технологияларды белсенді енгізуде. Мысалы, бүгінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары процестерді автоматтандыру және оларды цифрландыру саласында мемлекеттік және құқық қорғау органдары арасында маңызды позициялардың бірін алады. Осындай жүйелердің бірі «Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі» (бұдан әрі-ТСОБТ) болып табылады, ол тағайындалатын тексерулердің жалпы санын азайтуға, сондай-ақ заңсыз тексерулердің алдын ала жолын кесу мүмкіндігіне қол жеткізуге мүмкіндік берді. ТСОБТ жүйесінің арқасында тексерулерді тағайындау процесі толығымен автоматтандырылған, осыған байланысты соңғы 10 жылда тіркелген тексерулер санының 5 есеге едәуір төмендегені байқалады. ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Астана қ. бойынша департаментінің (бұдан әрі-Департамент) басым міндеттерінің бірі жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау мәселесі болып табылады, осыған байланысты бақылау және қадағалау органдарының тексерулерін тіркеу және есепке алу жөніндегі жұмыс ерекше бақылауға алынған.

Тексерілетін субъектілердің құқықтарының бұзылуына жол тексерулері мақсатында Департамент тіркеу сатысында негізсіз тексерулер тағайындау фактілерінің жолын кеседі. Осылайша, 2024 жылдың 1-тоқсанында Департамент 13 тексеру актісін тіркеуден бас тартты, оның 7-і жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты. Комитеттің ақпараттық жүйелеріне мониторинг жүргізу, сондай-ақ бақылау және қадағалау органдарының қызметінде тексерулер жүргізу арқылы мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласу фактілерін анықтау бойынша тұрақты негізде жұмыстар жүргізілуде. Мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарында қадағалау қызметі барысында 2024 ж. 14 заңсыз тексеру позициялардың бірі анықталды, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты – 13. Департамент және Комитетпен мемлекеттік бақылау және қадағалау және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы қолданыстағы заңнама талаптарын сақтау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстары мен қабылдап жатқан шаралары құқық бұзушылық деңгейінің төмендеуіне әкелетінін атап өту қажет. Осыған байланысты, Сіздің құқықтарыңыз бақылау және қадағалау органдары тарапынан бұзылған жағдайда, Сіз құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарына жүгіне аласыз немесе Бас прокуратураның call орталығының бірыңғай нөмірі – 115 телефон нөмірі бойынша хабарлай аласыз. Сонымен қатар, тексеруге келген кез келген кәсіпкер qamqod.gov.kz порталында тексерудің заңдылығын көре алады.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Астана қ. бойынша департаменті

ХАБАРЛАМА!

Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы жұмысқа шақырады Астана қаласының Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы мемлекеттік мекемесі бос жұмыс орындарына жұмысқа шақырады (С-5V-12 санаты бойынша):

- полицей – 29 орын;

Ішкі істер органдарында қызмет етудің артықшылықтары:

- Жұмыс берушінің есебінен алғашқы оқыту және біліктілікті арттыру;
- Қызмет өтіліне және арнаулы атағына байланысты лауазымдық жалақының артуымен тұрақты және уақытты жалақы;
- Сауықтыруға арналған жәрдемақы, мансаптық өсу;
- Ведомстволық емдеу мекемелерінде тегін медициналық қызмет көрсету;
- Арнаулы атағына байланысты 48 жасстан бастап зейнетке шығу (ішкі істер органдарында кезінде 12 жыл, 6 ай үздіксіз қызмет өтуіне кезінде);
- Қызметкерге (әр отбасы мүшесімен) тұрғын үй телімдері қарастырылған.

Талаптар: жасы 35-тен аспаған, бойы кемінде 170 см, білімі орта (қатардағы құрамның лауазымына) және жоғары (қызмет бағытына байланысты басшы құрамның лауазымына). Мемлекеттік қызмет істері агенттігі үкілетті органы беретін тестілеуден өту туралы сертификатты болуы, денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығы (әскери-дәрігерлік комиссия анықтайды). Лауазымдық нұсқаулықтары: Қылмыстық және өзге де қолсұғушылықтардан мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің және халықаралық шарттарға сәйкес күзетілуі мемлекетке жүктелген объектілердің қауіпсіз жұмыс істеуі күзет (режимдік) іс-шараларын жүзеге асыру жолымен қамтамасыз ету.

Қосымша сұрақтар бойынша
+7 701 198 98 71 нөміріне хабарласуға болады

●●●● elorda.info



Райхан
РАХМЕТОВА

Астанадағы Музыкалық жас көрермен театрының актерлері ғана емес, қойылымдардың әуені мен актерлер дауының дұрыс шығуын, сахна акустикасын реттейтін дыбыс режиссері де – жас маман. Үш жыл бұрын осы театрға келген Сабина ИЛИЯСОВА – бала кезден әнге жақын, бірнеше бағытта кәсіби музыкалық білім алған ару.

ДЫБЫСТАР ӘЛЕМІНІҢ

Ханшайымы

Елорданың өзінде дүниеге келген Сабинаның өнерге құштарлығын байқаған ата-анасы оны музыка мектебінің фортепиано класына оқуға береді. Одан әрі музыкалық жоғары білімін хормейстер, дыбыс режиссері мамандықтары бойынша жалғастырған ол оқып жүріп, «Астана» концерт залында дыбыс жазу студиясында еңбек жолын бастайды. Тәжірибесін арттыра беруді көздеген Сабина жекеменшік «Aevent» компаниясында еңбек етіп, шағын конференциялардан бастап, Президент қатысатын маңызды жиындарға дейін дыбыс жөніндегі маман болады. Ақыры 2021 жылы қазіргі сүйікті өнер ұжымына келіп, бұрынғыдан сәл басқашалау бағытта, яғни театр деген өнер әлемінде жұмысын бастайды.

– Театрдағы дыбысты реттеудің өзіндік ерекшеліктері болса да, бұл театрдың музыкалық деген мәртебесінің болуы менің жанымға жақты. Қызметімді тез меңгеріп, ұжымға сіңісіп кеткендіктен мен әлі де осындамын. Дыбыс режиссері ретіндегі басты міндеттерім – қоюшы режиссердің шығармашылық ойының негізінде қойылымның музыкалық, шу және дыбыс техни-

калық безендірілуін ұйымдастыру. Менің театрдағы жұмыс күнім өзім қолданатын аппаратураны, яғни микрофондарды тексеріп қараудан басталады, сосын шығармашылық процесс басталып кетеді. Егер жаңа спектакль болса режиссермен бірге оны музыкалық жағынан әрлеу мәселесін талқылаймыз. Ал қойылым кезекті рет сахналар болса дайындық жұмыстарын жүргіземіз. Менің жұмысымның бір артықшылығы – шығармашылық пен технологияның бір арнада тоғысуы. Маған жұмысым сонысымен ұнайды, – дейді Сабина Асылханқызы.

Бүгінде дыбыс режиссері мамандығы Қазақстанда екі оқу орнында оқытылады. Мұндай мамандарды оқытудың екі бағыты бар: бірі – кино және телевидение режиссурасы мен музыкалық дыбыс режиссері.

– Дыбыс режиссерінің музыкалық есту қабілеті мен дыбыстарға сезімталдығы мықты болуы аса маңызды. Осы ретте менің алғашқы алған хормейстер мамандығым қазіргі жұмысымда көп көмегім тигізді. Одан бөлек техникалық жақтарын да меңгеру керек, түрлі құрал-жабдықтардың жұмысынан хабардар болуың қажет. Дыбыс режиссері қызметі қойылым үшін үлкен рөл

ойнайды, дыбыстық әрленуі дұрыс болмаса, мұны көрермен бірден сезіп қояды, сондықтан біз үнемі ізденісте боламыз, – дейді жас маман.

Музыкалық жас көрермен театрындағы 20-дан астам қойылымды әуенмен әрлеуде Сабинаның қолтаңбасы бар. Оның міндеттері қойылымның «жанды дауыста» немесе әндерді «жазып алу» арқылы өтуіне қарай өзгеріп отырады. Бірінші жағдайда музыкалық шығармалар оркестр, халықтық ансамбль немесе эстрадалық бэнд қатысуымен сол мезетте орындалады. Бұл ретте жабдықтардың толық және дұрыс қосылуы қатты қадағаланады. Ал екінші жағдайда актерлердің репликасының дұрыс келуін, музыкалық шу теңгерімінің сәйкестігін бақылап отыруы керек.

Сабинаның ендігі арманы – шетелдік жетекші дыбыс режиссерлерінен білім алып, біліктілігін арттыру. Болашақта жеке продакшн студиясын ашуы да мүмкін. Оның айтуынша, қазір музыка, жалпы дыбыс жазу саласына да жасанды интеллект дендеп еніп келеді, театр шоуларына да сол қолданыла бастады. «Әрбір сала маманы заманға сай бейімделіп, білімін үнемі тереңдетіп отыруы керек» дейді кейіпкеріміз.

КІТАПХАНАДАҒЫ КӨРМЕЛЕР

«Астана қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты кітапханаларда Қазақ кинематографының шебері, актер, режиссер Шәкен Аймановтың туғанына 110 жыл толуына орай, сондай-ақ қазақ поэзиясының падишасы Фариза Оңғарсынованың 85 жылдық мерейтойына орай арналған кітап көрмелері қойылды.



ШӘКЕН АҒА БИІГІ

Қазақ кинематографының шебері, актер, режиссер Шәкен Аймановтың туғанына 110 жыл толуына орай кітапхана қызметкерлері кітап қорын пайдаланушы оқырман үшін «Қазақ киносының саңлағы», «Ш.Айманов – қазақ киносының атасы», «Кино саласының саңлағы» және тағы басқа кітап-иллюстрациялық көрмелер дайындады.

Ең қызық өткен іс-шаралар ретінде «Шәкен Аймановтың баға жетпес мұрасы» шығармашылық кешін, «Қазақ киносының шебері» танымдық сағатын, №9 көпшілік кітапханасындағы «Сарқырай аққан, өзеннің арқыраған арыстаны» өнер сағаты мен №4 көпшілік кітапханасында өткен «Қазақ киносының жарық жұлдызы» шығармашылық кешін, «Қазақ театры мен кино шебері» атты №5 көпшілік кітапханадағы портрет кешін айтуға болады.

Кітапхана қызметкерлері оқырманды Шәкен Аймановтың шығармашылығымен таныстырып қана

қоймай, режиссердің «Махаббат туралы аңыз», «Дала қызы», «Біздің сүйікті дәрігер» картиналарына талдау жүргізді. Бұл көркем фильмдер Шәкен Аймановтың режиссерлік дебюті екені мәлім.

ПОЭЗИЯ ПАДИШАСЫ

Қазақтың ақын қызы, халық жазушысы, қоғам қайраткері, Астана кітапханаларының құрметті қонағы, жанашыры Фариза Оңғарсынованың туғанына 85 жыл толуына орай іс-шара өткізіліп, көрме қойылды.

Барлық кітапханаларда «Поэзия падишасы Фариза Оңғарсынова», «Әуелден өлең-жырға құштар жаным...», «Құдіретті жырдың құндағы» атты Фариза Оңғарсынованың шығармашылығына арналған кітап көрмелері өткізіліп, кітапханалар басқаша безендірілді.

№15 көпшілік кітапхананың оқу залында өткен «Фариза Оңғарсынованың жыр әлемі» поэзия сағаты жас оқырманның қызығушылығын оятты, қазақ поэзиясының рухын аспандатты.

НОТР-ДАМ ДЕ ПАРИ – АСТАНАДА

«Астана Опера» театры 18-19 мамырда елорда тұрғындары мен қонақтарына XX ғасырдың әйгілі хореографы Ролан Петидің Морис Жаррдың музыкасына шығарған «Париж Құдай анасының соборы» аңызға айналған балетін ұсынады.

– Мен Қазақстанға, Астанаға осынау керемет спектакльмен қайта келгеніме және «Астана Опера» балет труппасымен және оның көркемдік жетекшісі Алтынай Асылмұратовамен тағы да жұмыс істеп жатқаныма қуаныштымын. Ол менің жақын досым, онымен бірге қызмет жасағанда өзімді жайлы сезінемін. «Париж Құдай анасының соборы» балеті қазақстандық көрерменге ұнағанына қуаныштымын, Ролан Пети де бұған қуанушы еді деп ойлаймын, – деді Луиджи Бонино.

Бұл күндері «Астана Опера»

театрының симфониялық оркестрі, балеті, хоры және мимансы «Құрмет» орденінің кавалері Руслан Баймурзиннің жетекшілігімен өнер көрсетеді. Ал спектакльдің басты кейіпкерлерінің бейнелерін елордалық театрдың танымал әртістері таныстырады.

«Астана Операдағы» қойылым француздық «Ролан Пети балеттері» қорымен бірге жүзеге асырылған, қойылым үйлестірушісі әрі жарық бойынша суретшісі – Жан-Мишель Дезире. Қойылым театрдың үлкен зал сахнасында көрерменге жол тартады.



Дайындаған Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

«ASTANA TIGERS-KAZATU» – ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕР

Елордалық «Astana Tigers-KazATU» командасы «Ұлттық лиганың» әйелдер командалары арасында баскетболдан Қазақстан чемпионатының қола жүлдегері атанды.



Ақтөбеде баскетболдан ел чемпионатының қола медалі үшін өзара бақ сынасқан Астана («Astana Tigers-KazATU») және Алматы («Tomiris») командаларының кездесуі өтті.

Астаналықтар қатарынан үшінші жеңіске жетіп, чемпионаттың қоласын жеңіп алды. Матч 76:52 есебімен аяқталды.

Алғашқы минуттардан бастап «Astana Tigers-KazATU» спортшылары жоғары қарқын алып, үздік командалық жұмыс көрсетті.

Елордалық баскетбол клубының екі ойыншысы чемпионаттың үздік бестігіне енді. Олар – Анна Безгодова мен Тамара Кузьмина.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №59

Баспаханасы: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Төлән ТІЛЕУБАЙ